Тілде, пікірде, істе бірлік. *Ы.Гаспыралы*

# ТҮРКІ әлемі

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТІ**

http://turkalemi.kz/

№ 12 (желтоқсан, 257) 2023 жыл




## ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Тәуелсіздік күні – бұл халқымыздың бостандығы мен егемендігі үшін күрескен тұлғаларды, алашордашылар мен желтоқсаншыларды еске алатын күн.

Тәуелсіздік күні – бұл ұлтты ұйыстырудың, азаматтарды жекелеген оқиғалардың немесе салтанатты іс-шаралардың айналасында шоғырландыру мүмкіндігі. Бұл біздің егемендігіміздің басты тірегі – Қазақстан мемлекеттілігінің төңірегінде бірігу сәті.

Сондықтан Тәуелсіздігіміздің ғұмырлы да баянды болуына әрбір азамат жауапты. Елдікке қосқан нақты үлес – бұл өзін-өзі дамыту, өзінің, отбасының және бүкіл қоғамның игілігі үшін өз саласында адал және қажырлы еңбек ету, ынтымақта, бірлік-берекеде өмір сүру.

Ендеше еңсе тіктеген елдігімізді сұқ көздер мен суық сөздерден сәт сайын, сағат сайын табанды қорғап, оны көздің қарашығындай қастерлеуге тиіспіз. Елдің іші даудан, сырты жаудан аман болсын!

Қазақ елінің аспанында азаттықтың аңсарлы арманы қалқып, әр шаңырақты шаттыққа бөлесін!

Тәу етер тәуелсіздігіміз баянды болсын!

**Құрметпен, Халықаралық «Түркі әлемі» газеті**




## ӨЗБЕКСТАННЫҢ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!




8-желтоқсан Өзбекстан Республикасы Конституциясы қабылданған күн. Биыл оған 31 жыл толды. Өзбекстанның дербес ел ретінде Ата Заңы 1992 жылы 8-желтоқсанда республиканың Жоғарғы Кеңесінде қабылданды. Ол Шығыс пен Батыстың, Оңтүстік пен Солтүстік әлемнің 97 елінің озық конституциялық тәжірибесіне негізделген. Бауырлас өзбек жұртын Тәуелсіздіктің теңдесіз тартуы Ата Заң күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл күн өзбек жұртын рухтандырып, жаңа мүмкіндіктер сыйласын! Осы мереке күні бауырлас елге азаматтық көзқарас еркіндігін таңдау мүмкіндігін және бейбіт өмірді тілеймін.

Отбасыларыңызға аман-саулық, бақыт, түсінушілік, ынтымақ, сенім және Өзбекстан Мемлекетіне жарық, жақсы болашақ тілейміз!

**Құрметпен,**
**Халықаралық «Түркі әлемі» газеті**

## «БАУЫРЛАСТЫҚ ТАМЫРЫ: ТҰЛҒАЛАР ҒИБРАТЫ»

### АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

2023 жылдың 20-желтоқсан күні Астана қаласында Түркі Академиясы «Бауырластық тамыры: тұлғалар ғибраты» атты халықаралық конференция ұйымдастырды. Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында өткен алқалы жиынға белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, дипломатиялық миссия басшылары, танымал ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Тағылымды іс-шара аясында белгілі тарихшы Афет Инанның қазақ тіліне алғаш рет аударылып басылған «Ататүрікті еске алғанда» еңбегінің және кемеңгер көшбасшы Гейдар Әлиевтің қызмет атқарған жылдарынан сыр шертетін «Karizmatik Lider Parlak Şahsiyet Haydar Aliyev» (Ұлт көшбасшысы, жарқын тұлға Гейдар Әлиев) және қазақ детектив жанрының негізін салушы К.Тоқаев туралы «Kemel Tokayev: Bir Kalem Ustasinin Yaşam Öyküsü» (Кемел Тоқаев: қаламгердің өмір жолы) кітаптарының тұсаукесері өтті.

Жиын аясында Түркі Академиясының президенті Шаһин Мұстафаев, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі, Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Гасан Гасанов, мемлекет және қоғам қайраткері Әділ Ахметов, Түркия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Мұстафа Капуджу, Қырғызстан Республикасының бұрынғы мемлекеттік хатшысы, Қырғыз Республикасы Ұлттық Ғылымдар академиясының академигі Осмонакун Ибраимов, Ұлықбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің профессоры Насимхон Рахмонов сөз сөйледі.

Twesco.org




# КАЗАХСТАН - АЗЕРБАЙДЖАН

В городе Алматы Ассоциация Азербайджанцев провела двойное мероприятие, посвященное к Дню Независимости Республики Казахстан и предстоящему Дню Солидарности азербайджанцев всего мира.

На мероприятии председатель Совета азербайджанских женщин при Ассоциации азербайджанцев АНК по городу Алматы Мамедова Джейран, выступая, подчеркнула:

«Азербайджан – независимая республика, которая находится в регионе, где постоянно происходят конфликты. Но дух азербайджанского народа невозможно сломить. Сплоченность и умение отстаивать свои права у народа в крови.

Сегодня на всех континентах мира живут миллионы Азербайджанцев. Народ по своей воле и неволе оказался вдали от своей этнической родины. У нас в Казахстане живут более ста тысяч Азербайджанцев. Предки многих были репресированы в Советское время в Казахстан. Тут выросло и продолжает расти не одно поколение Азербайджанцев. Но, несмотря на все преграды, нам удалось объединиться, чтобы сохранить Азербайджан в наших сердцах.

32 года как Казахстан стал независимым, и одним из первых шагов были сделаны в сторону национальных меньшинств, которых в Советский период депортировали и репресировали в казахские земли. С независимостью страны малые народы смогли вздохнуть свободно, именно независимость дала народам возможность возрождать свои национальные и религиозные обычаи.





День Независимости Республики Казахстана и предстоящий День солидарности азербайджанцев всего мира – это два важнейших события в истории двух народов, ведь именно солидарность и сплоченность позволяет народу быть независимым».

Также, на мероприятии с речью выступил президент фонда культуры тюркских народов Ахмет Дагдуран, отметив:

«Сегодня мы празднуем 32 годовщину Дня Независимости Республики Казахстан и 34 годовщину Дня Солидарности азербайджанцев всего Мира.



За прошедшие 32 года Казахстан очень сильно изменился. Страна с первых дней независимости менялась и развивалась, также социально-экономическое и политическое развитие страны проходило очень быстро. На данном этапе страна имеет авторитет среди других государств. Следует также подчеркнуть, что в последние годы особенно быстро проходит процесс объедения тюркских стран. Это сплочение положительно влияет на перспективы развития взаимодействия тюркских стран во всех сферах. Я надеюсь, что в будущем нам удастся сохранить это единство. Поздравляю Всех граждан с Днем Независимости Казахстана».

Также Ахмет Дагдуран добавил: «31 декабря отмечается одна из памятных дат в истории Азербайджана – День Солидарности Азербайджанцев всего мира. Я желаю всем Азербайджанцам всего мира быть сплоченными всегда, несмотря на расстояние от этнической родины. Пусть духовные и культурные ценности народа будут с ними везде, несмотря на удалённость от своих земель. С Днем Солидарности Всех Нас».

Отметим, что впервые этот праздник был объявлен 16 декабря 1991 года Гейдаром Алиевым. Официальным днем празднования стало 31 декабря.

Дата была выбрана не случайно, причиной празднования этого дня 31-го декабря стало событие 1989 года, когда жители приграничных районов Нахичеванской АССР разрушили советско-иранскую границу и впервые, спустя десятилетия, смогли соединиться с Иранскими азербайджанцами.

Сегодня основную идею этого праздника составляет единство и солидарность азербайджанцев всего мира, уважение к национально-духовным ценностям, а также чувство принадлежности к исторической Родине.

**РУФИНА СУЛИЕВА, Вице-президент по вопросам культуры и информации при «Конгрессе Азербайджанцев Туран» - Р.К // Kafkassam/ Алматы**

# NİCE YÜZ YILLARA CUMHURİYET

Bugün çok mutluyum. İnsana ve toplumlara en çok yakışan yönetim şekli cumhuriyetimiz tam 100 yaşında… Nice yaşlara derken bize bu yönetim şeklini uygun gören ülkemi taçlandıran yüce Atatürk'ümüze duyduğum minnetimi ve saygılarımı bir kez daha dile getirmek isterim.

Atatürk bu yönetim şekli ile bize padişahın değil, Allah'ın kulu olduğumuzu hatırlattı. Padişahlar halka kulum derken Atatürk bizden böyle bir hitap istememiştir. Son derece mütevazı biridir. Hatta bunu anlatan küçük bir örnek vermek isterim. Cumhuriyet'in on ikinci yılında Atatürk için çeşitli pankartlar hazırlanır. Değişik, değişik sloganlar. Örneğin **«Atatürk bu milletin en yücesidir»** gibi... Atatürk dövizlere bakar. Hiçbirini beğenmez. Kâğıdı, kalemi alır ve şunları yazar: **«Atatürk, içimizden biridir».**

Atatürk'ün cumhuriyeti 29 Ekim'de ilan etmesinin sebebi de çok güzeldir. Ulu önderimizin bu tarihi özel olarak seçmesinin nedeni, 30 Ekim'e beş yıl sonra attığı bir tokat olmasıdır. 30 Ekim 1918 tarihinde Mondros Ateşkes Anlaşması imzalanmıştır. Bu anlaşma maalesef birilerinin ihaneti nedeniyle Osmanlı Devleti'ni bitiren, sonucunda da İngiliz işgaline yol açan bir parçalanma ve çöküş anlaşmasıdır. Yani Ata'mız, Türkiye Cumhuriyeti'ni 29 Ekim 1923'te ilan ederek aslında 30 Ekim'e karşı «Türk milletinin ahını ve intikamını» ilan etmiştir.

Türk Milleti kimseye kul köle olamaz. Kimseye esir olamaz. Kurtuluş Savaşımız ile bunu dünyaya ispat ettik. Yaşasın Türk Milleti, yaşasın cumhuriyet!

**Harika UFUK**

# Мемориальную доску в честь видного ученого Азат Ильясовны Шибановой открыли в Алматы

**29 апреля 2023 г. в Алматы состоялось торжественное открытие мемориальной доски, установленной в честь ветерана Казахстанской онкологической службы, основателя дисциплины «Клиническая Цитология» в Республике Казахстан, Почётного президента Ассоциации клинических цитологов РК, почетного члена Международной академии цитологии, кавалера ордена «Құрмет», доктора медицинских наук, профессора Азат Ильясовны Шибановой.**



Мемориальная доска установлена на фасаде дома по улице Кабанбай батыра, 88, где жила Азат Ильясовна.

Жизнь этой хрупкой на вид, но сильной духом женщины является примером беззаветного служения науке, своему народу, любимой работе. Как много она успела сделать, сколько людей было излечено от рака благодаря таким профессионалам.

В церемонии открытия приняли участие члены семьи, родственники, друзья, коллеги и ученики профессора А.И. Шибановой. Почтить память выдающегося ученого пришли сотрудники Казахского НИИ онкологии и радиологии, в котором она проработала более полувека, и врачи-цитологи из региональных онкоцентров.

С приветственной речью на мероприятии выступили: ее брат Фарабий Ильясович Ахметов и Генеральный директор клиники «SEMA», академик Жеткерген Анесович Арзыкулов. В своем выступлении они отметили, что открытие мемориальной доски в память об Азат Ильясовне является важным событием в духовно-культурной и научной жизни города. Она была гордостью нации, настоящим патриотом своей страны и по праву вошла в золотой фонд казахской интеллигенции.

Ее вклад был высоко оценен медицинским сообществом и государством, отмечен наградами и грамотами за плодотворную научную деятельность и подготовку кадров. Эта мемориальная доска станет напоминанием для нынешнего и последующих поколений о ней: деликатной, интеллигентной, скромной и неутомимой труженице, враче по призванию, посвятившей свою жизнь борьбе с коварными и страшными онкологическими заболеваниями.

Нравственная жизнь и яркий образ Азат Ильясовны навсегда останутся в памяти всех, кто знал, общался и работал рядом с ней, её последователей, родных и близких.

# TÜRK DÜNYASININ TANINMIŞ AZƏRBAYCAN TÜRK QADINLARI (XIX YÜZİL)

**Faiq ƏLƏKBƏRLİ,**
**AMEA Fəlsəfə və Sosiologiya İnstitutunun aparıcı elmi işçisi, fəl.ü.f.d., dosent**
**faikalekperov@mail.ru**
**http://orcid.org/0000-0002-8865-568x**

## Xülasə

Mütərəqqi-yenilikçi ruhlu Türk-İslam fəlsəfəsinə uyğun XIX əsrdə yazıb yaratmış Azərbaycan Türk qadın şair-ediblərindən Heyran xanım, Ağabəyim ağa Ağabacı, Xurşidbanu Natəvan, Mirzə Fatma Kəminə, Şahnigar Rəncur, Aşıq Pəri, Ziba xanım Ləli, Gövhər ağa, Mahtab xanım, Zöhrə xanım, Fatma Şirvani, Mah xanım, Qönçəbəyim və başqaları kifayət qədər qabaqcıl görüşlü, mütərəqqi düşüncəli olub yalnız Azərbaycanda deyil, onun sərhədlərindən kənarda da kifayət qədər tanınmışlar. Onların maarifçi, ruhi-mənəvi şeirlərində Azərbaycan Türk qadının arzu-istəkləri ilə yanaşı, insan həyatına və dünyaya ictimai-fəlsəfi baxışları da əks olunmuşdur. Məsələn, X.Natəvan yaşadığı dönəmin içində öncəliklə, bir qadın lider olaraq yaşadığı problemlərlə mübarizə etmiş, eyni zamanda xanlığın idarə edilməsində bir sıra isalahatlar aparmağa çalışmışdır. Natəvan Qarabağ Xanlığının son varisi kimi həm Şuşa şəhəri və ətraf ərazilərin idarəçiliyi ilə məşğul olmuş, həm də Şuşada “Məclisi üns” (1864-1897) ədəbi məclisinin inkişafında mühüm rol oynayaraq burada ictimai-fəlsəfi məzmunlu şeirlərin müzakirəsini təşkil etmişdir. Ağabəyim ağa Ağabacı Qarabağ xanı İbrahimxəlil xanın qızı, X.Natəvanın isə bibisi olub 1780-ci ildə Şuşada anadan olmuşdur. 1801-ci ildə Qacarlar dövlətinin hökmdarı Fətəli şah Qacarla ailə həyatı quran Ağabacı ömrünün sonua qədər (1832) Tehranda yaşamışdır. Onun az sayda günümüzə qədər çatan şeirləri daha çox hicran-vüsal nisgili ilə bağlıdır. Qönçəbəyim (1827-?) Naxçıvanda anadan olmuş qadın ədib-şairlərimizdən biridir. Qönçəbəyim 1837-ci ildə Naxçıvandakı rus məktəbində təhsil almışdır. “Qönçeyi-ülfət” ədəbi məclisinin iştirakçılarından olan Qönçəbəyimin “Şahzadə İbrahim” dastanında Bəyimin dilindən deyilən şeirlərin müəllifi olduğu ehtimal edilir. Aşıq şerinin görkəmli nümayəndələrindən biri olan Aşıq Pəri (d.1810/1811-?) Qarabağda Maralyan kəndində anadan olmuş, çox gənc yaşlarında vəfat etmişdir. Gözəl, rəvan təbli, ağıllı və hazırcavab qız olan Aşıq Pəri müasirləri arasında dərin hörmət qazanmışdır. Onun Cəfərqulu xan Nəva, Məhəmməd bəy Aşiq və başqaları ilə deyişmələri ədəbiyyat aləminə məlumdur.

Azərbaycanın yalnız mədəniyyət deyil, ictimai-siyasi həyatında mühüm rol oynamış qadınlar da olmuşdur. Məsələn, Babilik hərəkatına qoşulmuş iki Azərbaycan Türk qadını olmuşdur: Tahirə Zərrintac və Rüstəmə. Əsil adı qaynaqlarda Hökumə, bəzən də Zeynəb kimi yazılan Rüstəmə Zəncan üsyanında mühüm rol oynamışdır. O, Zəncan babilərinin başçısı Molla Məhəmməd Əlinin yaxın silahdaşlarından olub. 19-cu əsrin sonunda baş verən “Tənbəki hərəkatı”nda isə Zeynəb paşa adıyla məşhurlaşan Azərbaycan Türk qadının xüsusi rolu və əməyi olmuşdur. Tarixi faktlara əsasən Zeynəb Paşanın adı “Tənbəki hərəkatı” hadisələrindən sonra gündəmə gəlmişdi.

AÇAR SÖZLƏR: Türk dünyası, Azərbaycan Türk qadınları, Tahirə Zərintac, Zeynəb Paşa, Xurşidbanu Natəvan, Fatma xanım Kəminə, Heyran xanım

*Алматы қаласы республикалық*
*Достық үйі басқармасының басшысы*
*Н. Әбдіқадырқызының II Халықаралық*
*Құрылтайда сөйлеген сөзі*

## ҚАЙЫРЛЫ КҮН II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰРЫЛТАЙҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Ең алдымен бүгінгі ұйымдастырылған «Түркі әйелі – дәстүр шырақшысы және жаңа әлемнің жасампазы» атты іс-шараға шақырғандарыңызға алғысымды білдіремін.

Қазіргі таңда әлем күрделі (мәдени) жаһандану және жаңару кезеңін өткеріп жатқандығы баршаңызға мәлім. Өкінішке орай, адамзат дәл осы процестің теріс жақтарынан қорғаусыз қалып отыр. Түркі халықтары көшіп-қонып, ат үстінде күн көргенімен мәдениеті өте бай. Дәл осы құндылықтарымыз бүгінгі дерттің жалғыз емі болмақ. Ал ұлттық құндылықтарымызды біздің қоғамға насихаттайтын және дәріптейтін ол біздің ардақты әжелеріміз, ол – батыр аналарымыз! Бүгінгі іс-шараның тақырыбы әйел ұғымына арналғанына өте қуаныштымын.

Түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы-ғалым Лев Гумилев «Көне түріктер» деген іргелі зерттеуінде түркілер әйелді сал-серідей қатты құрметтеген дейді. Қазақта ақыл-парасатымен, тапқырлығы және тәрбиесімен, дуалы сөзі, дара мінезімен әлі күнге дейін ел жадында жатталған аналар аз емес. Сонау сақ дәуіріне көз жүгіртсек, қазақ әйелдерінің ақылымен ел билегенін ғана емес, айбатымен жауға шапқанын да аңғарамыз. Ал олардың ұрпақ тәрбиелеп, бүтіндей бір әулеттің бейнесін қалыптастыруда алар орны орасан. Абыз аналардың көш басында тұрған – Домалақ ана, Есім ханның жорықтарына қатысып, жау қолынан қаза тапқан – Ақбикеш ару, ел арасында «Күй анасы» атанған – Дина Нұрпейісова, сонымен қатар – Зарина, Бегім, Зере сынды ханшалар соның дәлелі. Тарихымызға көз жүгіртсек, қазақ қоғамындағы әйелдің негізгі орны отбасы, ошақ қасы болса да, қазақ әйелдері өздерін қоғам қайраткерлері ретінде көрсетіп, өзін-өзі дамытып, дүйім жұртқа үлгі болуға мүмкіндіктері болған.

Қазіргі әйел мәртебесі, кешегі аналарымыздың мәртебесінен өзгеше. Бүгінгі әйел бейнесі – іскер, басшы, қызметкер сынды лауазыммен толыққан. Олар бала тәрбиелеп қана қоймай, кәсіп ашып, оны дамытуға қабілетті. Бүгінде ақ жаулықты аналардың да жетістікке жетіп, табысқа кенелуіне, сондай-ақ талай-талай асу алып, биік белесті бағындыруға білімі мен білігі жеткілікті. Демек әйелдердің қазіргі қоғамда атқарар рөлі орасан. Қазіргі қоғамда қай салада болсын білімімен, іскерлігімен, ақыл-парасатымен дараланып жүрген әйелдер қауымының қатары көбеюде. Кейінгі жылдары ғылым саласында қыз-келіншектердің үлесі арта түсті. Отбасы мен ғылымдағы ізденістерін қатар алып жүретін әйел ғалымдардың жетістіктерін атап өтпеске болмайды. Себебі, расымен де әйел – жаңа әлемнің жасампазы!

Түйіндей келгенде, қазақ халқы үшін әйел ол – батыр, ол – ардақты ана, ол – аяулы жар, ол – ұлтты сақтаушы, ол – отбасының ұйытқысы, ол – тәлім-тәрбие беруші. Оны тек шынайы қазақ ері түсінеді. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен әйел, елдік пен имандылықты ана сүтімен перзентіне сіңіре білді. Бүгінгі әйел отбасының ұйытқысы ғана емес, қоғамның дамуына белсенді үлес қосып, Қазақстанның жарқын болашағын құруға барын салатын, жан-жақты әйел. Сөзімді аяқтай келе, «Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле» деген ұлттық ұстанымды берік ұстауға шақырамын!

Арамызда бүгінгі заманның Зарина, Бегім, Зере сынды ханшаларымыз көп болсын. Рақмет!

Құрметті құрылтайға қатысушылар!

Берілген сөз үшін алғыс білдіре отырып, барлығыңызға жемісті және нәтижелі жұмыс тілеймін.

# ЖЕТІСТІК – АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

**Қазақ Ұлттық университеті – еліміздегі ең алдыңғы қатарлы оқу орнының бірі. Қасиетті қара шаңырақтан білім алғандар еліміздің дамуына бір кісідей үлес қосуда. Бүгінгідей нарық заманында жастарға жан-жақты сапалы білім беру аса маңызды. Осыны басты мақсат тұтқан ҚазҰУ Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасы студенттер үшін түрлі кездесулер мен басқосулар өткізіп, олардың жан-жақты тәжірибе жинауына барынша зор көңіл бөлуде.**

Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасына ғылым, білім саласындағы серіктестікті дамыту мақсатында ресми кездесу өткізді. Нәтижесінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев Қытайдың ЖОО басшыларымен бірқатар келісімдер жасады. Аталған халықаралық келісімдер негізінде ҚазҰУ мен Бейжің мұнай университеті энергетика саласында бірлесіп ғылыми кадрларды дайындайтын болады. Бұл біздің студенттер үшін үлкен мүмкіндік, зор жетістік. Студенттердің ең озық үлгідегі тәжірибені жинауына Мемлекет басшысының өзі ерекше назар аударуы – біз үшін үлкен қолдау.

Таяуда Алматы қаласында Сиань Цзяотоң университеті мен Қазақ Ұлттық университетінің бастамасымен және демеушілігімен алғаш рет «Қытай мен Орталық Азияның жоғары білім саласындағы ынтымақтастық форумы» өтті. Төртінші өнеркәсіптік революция» тақырыбында өткен форумға Қытай мен Орталық Азияның 20 университетінің жетекші басшылары қатысты. Жоғары білім саласында алмасу және ынтымақтастық алаңын құрып, «Бір белдеу – бір жол» өнеркәсіп пен білімнің терең интеграциясы стратегиясын ілгерілету мақсатында өткен форумның жастарға берері мол екені анық. Осы жолда біз оқу орнының студенттеріне барынша жағдай жасаймыз.

ҚазҰУ Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Нұржамал Алдабек бастаған бірқатар оқытушылары Қытай Халық Республикасының Алматыдағы Бас консулы Цзян Вэй ханыммен кездесті. Бас консул Цзян Вэй екі ел арасындағы ынтымақтастық достық пен өзара түсіністік негізінде дамып келе жатқанын айтып, Қазақстанда әртүрлі бірлестіктер, түрлі ұйымдар мен клубтарды құру туралы әлі де көптеген ұсыныстың барын жеткізді. «Қытайтанушылар қауымдастығы» Қазақстанда алғаш рет құрылған. Сондықтан да болашақта бұл ұйымға үлкен қолдау білдірілетіндігін жеткізіп, кафедра оқытушыларына толағай табыстар мен сәттілік тіледі.

Қытай Халық Республикасы жоғары оқу орындарының бір топ өкілдері әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің шығыстану факультетінде болып, факультет және кафедра ұжымымен танысты. Олар Алматыға тәжірибе алмасу және мәдени біліммен алмасу мақсатында келген. Жиынға Бейжің шетел тілдері университетінің халықаралық журналистика және коммуникация факультетінің профессоры Ху Мин Синь, Бейжің шетел тілдері университетінің халықаралық журналистика және коммуникация факультетінің профессоры Сонг И, Шыңжаң университетінің шетел тілдері факультетінің профессоры Мархаба Аулан, Шыңжаң университетінің шет тілдері факультетінің профессоры Хайлигули Нияз, Шыңжаң университеті шет тілдер факультетінің доценті Ван Сюэмэй, Шыңжаң университетінің шет тілдер факультетінің оқытушысы Фейлина Мэйдзити, Шығыстану факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары С.Жакубаева, қытайтану кафедрасының меңгерушісі Ф.Оразақынқызы кафедра оқытушылары мен докторанттары қатысты. Кездесу барысында мәдени алмасу саласындағы өзекті мәселелер, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктері талқыланды.

Факультетімізге Қытай Халық Республикасының Ланьчжоу университетінің ректоры Ян Чунхуа мырза бастаған делегация өкілдері келді. Кездесу барысында екі университет арасындағы ұзақ жылдан бері қалыптасқан тиімді ынтымақтастықты одан ары жалғастыру жолдары талқыланып, түрлі ой-пікірлер мен ұсыныстар ортаға салынды. Ланьчжоу университеті онлайн режимінде 2023 жылдың ақпан-мамыр айлары аралығында ұйымдастырған «Қазақстандағы қытай тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру» курсын сәтті аяқтаған оқытушыларға сертификаттар табыстады.

Мұндай атқарылған жұмыстардың барлығы біздің студенттер үшін үлкен мүмкіндік. Біздің кафедра үнемі әрі Қытай компанияларымен де үздіксіз жұмыс істеп келеді. Әр апта сайын Қытай компанияларының өкілдері жастарды жұмыспен қамту бойынша нәтижелі жұмыс жүргізуде. Мұндағы мақсат – біздің қара шаңырақтан білім алған студенттерді нәтижелі жұмыспен қамту. Сол бағытта атқарылған жұмыс та, болашақта жүзеге асатын жұмыс та көп. Себебі әрбір студенттің толыққанды білім алуына, мол тәжірибе жинауына, қолына диплом алған соң жақсы жұмысқа орналасуына біздер жауаптымыз.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**
**Шығыстану факультеті**
**Қытайтану кафедрасының**
**аға оқытушысы Қатбаева Гүлмира**





# ПАТРИОТТЫҚ РУХ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Үстіміздегі жылы «Қайсар Жүрек» Қоғамдық Қоры Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының «Патриоттық рух – басты құндылық» атты әлеуметтік жобасы аясында бірнеше патриоттық іс-шара ұйымдастырды. Жоба Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігін жоспарлы түрде насихаттауға және жастардың бойында ұлтжандылықты нығайтуға бағытталған.

Алматы қаласының қолайлы алтын күзгі күндерін пайдаланып, қыркүйек, қазан айларында Желтоқсан көтерілісі ардагерлері қала жастарымен бірігіп «Желтоқсан-86 саябағында» 7 сенбілік, 2 минитурнир және 1 ағаш отырғызу жұмысын ұйымдастырды. «Тазалық – табалдырықтан басталады» демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанына серік еткен желтоқсандықтар өздерінің төл саябағында санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандырудың айлығына сәйкес сенбілік шарасына белсене араласты.

Жүргізіліп жатқан қызу тазалық жұмыстарына барлық ұйым желтоқсандықтары бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Соның ішінде, саябақтың кіреберіс аймағын, орталық аллеясы мен ашық аспан астындағы Желтоқсан музейінің айналасын толық қамтыған тазалық жанашырлары қоқыс қалдықтарын шығарып, ортақ мекеннің көркеюіне өз үлестерін қосты және қала келбетінің келісті болуы үшін тер төкті.

Атап өту қажет, сенбілік аясында тазалық жұмыстарына 360 адам қатысты. Тазартылған аумақтар бойынша Түрксіб ауданының ЖКХ бөлімінің көмегімен машинамен тұрмыстық қатты қалдықтар мен жапырақтар шығарылды.

Бұл шара тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталды. Осы орайда ұйымдастырылған сенбіліктер қала тынысының кеңеюіне үлесін қосуда. Жалпы әр күн, әр ай тазалық күні, тазалық айы болуы тиіс. Туған өлкеміздің тазалығы сенбілік шараларымен шектеліп қалмауы керек. Сондықтан Желтоқсан көтерілісінің қаһармандары жас ұрпақты тазалық жұмыстарын жүргізіп, айналамыздың ажарлана түсуіне үлес қосуға шақырды.

Саябақта ұйымдастырылған минитурнирлер де өте тартысты және қызықты өтті. Бірінші минитурнир желтоқсандық ұйымдардың арасында, келесі минитурнир Авиация, Жолаушылар көлігі мен технологиялар, Интердент жоғарғы медициналық және Аяжан медициналық колледжері студенттері арасында өтті. Минитурнирге «Арқан тарту», «Асық ату», «Тымақ ұру», «100 метрге жүгіру», «Домино»6 «Дойбы» және «Эстафета Кім жүйрік» ойындары енді.

Төрешілердің шешімімен минитурнирдің қатысушыларына орындар тағайындалып, жеңімпаздар дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды.

Желтоқсандықтар жастар және қала тұрғындарымен бірге өз саябағына ағаш отырғызды. Игі шараның мақсаты – саябақты орман алқабына айналдырып, қаланы көркейту, көгалдандыру жұмыстарын жандандыру арқылы табиғатты сақтау. Саябақтың көркін кіргізетін бағалы және құнды ағаштар және декоративті бұталар отырғызылды. Аға буын өкілдері жастарға ағаш отырғызудың тәсілдері мен әдістерін үйретті.

Олар шараның басы-қасында болып, қолдан келгенше саябаққа отырғызылған бағалы ағаштар мен бұталарды күтіп, баптау жұмыстарын жастарға түсіндірің, «Ағаш егу атадан балаға мирас болған сауапты іс. Бұл сауапты іс бұнымен тоқтамауы керек» деп, өзгелерді де шараға атсалысуға шақырды.

Иә, «Атадан мал қалғанша, тал қалсын...» бұл бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті. Халықтың денсаулығы мен ұрпақ болашағына оң әсерін тигізіп, туған елдің көркеюіне үлес қосып, қалыс қалмау – әрбір азаматтың борышы.

«Желтоқсанның мұзға жаққан алауы» тақырыбында Ләззат Асанова, Сәбира Мұхаметжанова және Кенжегүл Молданазарованың құрметіне арналған оқушылар арасында эссе жазудан байқау ұйымдастырылды. Алматы қаласының әртүрлі мектептерінен 70-ке жуық эссе жұмыстары келіп түсті. Желтоқсандықтардың қатарынан журналист, ақын-жазушы, филолог мамандары оқушылардың шығармаларын тексеріп, нәтижесі бойынша марапаттау шарасы өткізілді.

Еліміздің тәуелсіздігі мен жарқын болашағы жолында аты аталған қыздар небәрі 16-18 жастарында қылышынан қаны тамған тоталитарлық совет жүйесімен жанпидалықпен күресті. Өмірлері қысқа болса да, еліміз, жеріміз және тіліміз үшін кешегі тарихтан өткен Әлия, Хиуаз, Мәншүк сияқты апаларының жолымен қазақ қыздарына тән нағыз батырлықты көрсете білді. Желтоқсан көтерілісінде ерлігімен танылған қыз-жігіттер аз болған жоқ.

Әділет іздеп қыс көзі қырауда алаңға бейбіт түрде шыққан қазақ жастары өздеріне қарсы қарулы әскер мен техника, үйретілген қабаған иттер, темір және резеңке сойылдар жұмсалатынын күтпеген еді. Екі күн, екі түн күннің суығына қарамастан билікке талаптарын қойып, тапжылмай тұрған жастарды өрт сөндіру машиналарынан мұздай суық су шашып, иттерге талатып, сойылдармен соғып, БТР машиналармен қуып, алаңнан ығыстырды.

Шеруді аса қатыгездікпен басып-жаншып, соңынан әртүрлі жазалау түрлерін қолданды: оқу орындарынан, жұмыстарынан, комсомол, партия қатарынан шығарып, абақтыларға қамады. Әртүрлі мерзімге 23 қыз темір торға тоғытылды. Солардың ішінде: Жансая Сабитова, Серкенова Анар, Әбілқайырова Гүлнәр, Мусина Мәншүк, тағы басқалары болды.

Марапаттауға Бас жүлде және бірінші, екінші, үшінші орындар тағайындалып, жеңімпаз оқушылар арнайы диплом және сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар үздік эсселер көп болғандықтан «Желтоқсанның лашын құсы – Ләззат!», «Шығыстың шынарысың Сәбира!» номинациялары, Желтоқсан көтерілісінің құрбаны Ертай Көпесбаевтың отбасы атынан және Ғалия Нұғыманова мен Гүлнар Байбосыновалардың өз аттарынан үздік эссе иелеріне сыйлықтар табысталды.

Қазақстан Республикасының коституциясы күніне орай Алматы қаласының арнайы балалар үйіне және «Жанұя» балалар үйіне қайырымдылық көрсету мақсатында бірнеше желтоқсандықтар барды. Іс-шара ҚР әнұранымен басталды. Ата-анасыз қалып, мемлекет қарамағында тәрбиеленіп жатқан балаларға сыйлыққа тәттілер, ойыншықтар апардық, қазақи дәстүрдегі этнотақиялар, оқу құралдары және «Алтын күз» мерекесіне арнайы тігілген киімдер (костюмдер) сыйға тартылды.

Балалардың жүрегіне ұлттық сана-сезім ұялату мақсатында қазақтың дәстүрлі құрақ көрпелері мен жастық жиынтығы тапсырылды. Әр балаға этнотақия кигізілді. «Қайсар Жүрек» Қоғамдық Қорының директоры Ергебаева Ш.Б. сөз сөйледі. Балалар риза болып, өз өнерлерін көрсетті: әндер айтылып, домбырамен күй шертілді, тақпақтар айтылды.

Жалпы білім беру мекемелерінде оқушылар арасында Желтоқсан қаһармандарына арналған домбырамен күй тарту, ән айту, және мәнерлеп оқу бойынша «Тәуелсіз елдің ұрпағы» тақырыбында шығармашылық байқау өткізілді.

Желтоқсан мен Тәуелсіздік егіз ұғым. Ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсаған Тәуелсіздік жолында Желтоқсан көтерілісінде қазақ жастарының қызыл империяның тоталитарлық жүйесінің солақай саясатына қаймықпастан қарсы тұрып, ЕЛ, ЖЕР, ТІЛ үшін жас өмірлерін азаттық жолында пида еткендері хақ. Желтоқсан күрескерлері бүгінгі таңда жас ұрпақтың жүрегіне отансүйгіштік сезімін ұялатуға аянбай тер төгуде. Олар әрқашан жас ұрпақпен түрлі тақырыпта кездесулер ұйымдастырып, жастарды ел болашағы деген сеніммен үміт артып келеді.

Қайсар жүректерінің жалынымен ұлттық рухты ту етіп көтерген кешегі ар-намысты қазақ жастарының азаттық жолындағы жанқиярлығын құрмет тұтып, Желтоқсан көтерілісінің күрескерлеріне айрықша көңіл бөліп, сый-сияпат көрсету Қазақстан жастарының парызы деп білеміз.

Қалалық байқауға кіл мықты өнерпаздар қатысты. Бұл іс-шара 2 кезеңнен тұрды: біріншісі қаланың 8 ауданында ауданаралық іріктеу, екіншісі қалалық ақтық байқау. Әр жанрдың (домбыра тарту, ән айту және мәнерлеп оқу) үздіктерінің өнерін әділқазылар алқасы бағалап, тиісті орындарын тағайындады. Шығармашылық байқау болғандықтан Бас жүлде, 1,2,3 орындарды иеленген оқушыларға арнайы дипломдар мен сыйлықтар табысталды. Ынталы өнер көрсеткендері үшін де дипломдармен марапатталды. Шәкірттерін жүлделі орын алуға ынталандырған жетекшілерге де дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

Қаланың жоғары және орта оқу орындарында Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына үлес қосқан қоғам қайраткерлерімен, зиялы қауым өкілдерімен және 1986 жылғы Желтоқсан қатысушыларымен 10 тақырыптық танымдық кездесулер ұйымдастырылды. Студент жастар арасында 1986 жылғы Желтоқсанға қатысушы, «Халық Қаһарманы» Қ.Рысқұлбеков атындағы қол күрестен және 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің құрбаны Е.Сыпатаевтың құрметіне арналған қазақша күрес спорт түрінен қалалық турнир өткізілді.









2023 жылғы 11-желтоқсанда Әлеуметтік қызмет үйінде 80 адамның, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, зиялы қауым өкілдерінің және 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың қатысуымен «Желтоқсан көшінің Тәуелсіздік жолындағы рөлі» атты тақырыптық конференция өтті. Жоба аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған 16 Желтоқсан тұрғынына көмек көрсетіліп, олар «Қайсар Жүрек» қорының кеңсесіне шай ішуге шақырылып, «Магнум» сауда орындарында азық-түлік себеттеріне сертификаттар табыс етілді.

**Сәуле Алпысова**










# *Жаңа жыл құтты болсын!*

Өткен жыл, елімізде, түркі дүниесінде түрлі қиындықтармен және біршама қуаныштарымен есте қалды.

Түркі дүниесінде Табиғи апаттардың көп болуы, климаттық өзгерістер, экономикалық құлдырауларменен қатар, елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлының әлемдік державалармен келіссөздер жүргізуі, көпвекторлық саясат ұстанымы, су мен көлік қатынастары мәселелерінің шешілуі, «Ұлттық қор: Балаларға» жобасының бастау алуы, педофилдер мен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнаманың дүниеге келуі секілді ірі оқиғалар орын алды. Сондықтан ескі жылдың өкпе-назын артқа тастап, кіріп келе жатқан Жаңа Жылды көтеріңкі көңіл күймен, таза, тың ойлармен қарсы алайық. 2024 жылдың дайындап отырған қуанышы, бақыты, сыйына бөленейік. Кіріп келген 2024 жыл болмыстағы бояудың барлығын үміттен, қуаныштан, махаббаттан алып, әр шаңыраққа үлестіретін жыл болғай.

Жаңа Жылда үйлеріңіз нұрға, құшақтарыңыз гүлге толсын! Түркі дүниесі әрдайым бірлік пен достықтың туын желбілетіп, жетістіктерге жете берейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Бастысы балалар мен аналар жыламасын.

**Құрметпен: Халықаралық «Түркі әлемі» газетінің ұжымы**






# ORMAN SEVGİSİ

Son günlerdeki orman yangınları sadece ormanı değil, içimizi de yaktı. Ormanlar ülkenin ciğerleridir. Ciğerimiz yandı. Bir ağaç kolay yetişmiyor. Yetişenleri de ya kesiyoruz ya da yakıyoruz. Hele ki milletçe piknik yapmak üstelik mangal yakmak en büyük merakımız. Piknik sonrası "Bulduğun gibi bırak!" tabelalarını hiçe sayıp etrafı darmadağın bırakmak, içeceklerimizin pet veya cam şişelerini sağa sola fırlatmak alışkanlık olmuş. Kırık camlar da güneşin etkisiyle yangın çıkarmakta… Keçileri ormana salmak da cabası! Keçiler filizleri, tane dalları kemirdikçe biz de Nasrettin Hoca misali bindiğimiz dalı kesmiş oluyoruz. Sonra da neden böyle oldu diye yas tutuyoruz. Sonucunu da önceden hesap etmek gerekmez mi? Bunlar vatandaş olarak görevlerimiz elbette…

Bir de tarla açmak veya otel yapmak, tesis kurmak için özel olarak yakanlar var. Sabotajlar da ayrı. Yasa dışı örgütlerin ülkemize zarar vermek için keyfi olarak çıkardıkları yangınlar var. Kanunun pençesinden kurtulamazlar. Allah da onların cezasını verecek.

Ormanların yanması sadece ülkemize değil, dünyaya da zarar veriyor. Doğanın dengesi bozuluyor. Ormanda yaşayan canlılar da diri diri yanıyorlar. İnsan olmanın ilk şartı vicdan sahibi olmaktır bence… Vicdanı olmayana da insan denemez. Doğayı seven insanı da sever, insanı seven doğayı da sever.

Atalarımız "Ağacın yemişini ye, kabuğunu soyma!" derlerdi. Hatta yaşlılar gölgesinde dinlendikleri ağaçtan helallik isterlerdi. Eskiden andaç olarak dikilen fidanlar vardı. Bir kişi askere giderken, evlenirken, çocuk sahibi olduğunda doğan her çocuğu için bir fidan dikilirdi. Köylerde bu gelenek hâlâ sürdürülüyor sanırım. Şehirlerde ise apartman hayatıyla pek çokları gibi bu geleneğimiz de sekteye uğradı.

Atatürk doğayı çok seven bir insandı. Yeşile, çiçeğe, ağaca hayrandı. Nezihe Araz, Atatürk'ün ağaçlandırmaya verdiği önemle O'ndaki doğa sevgisini bir söyleşide şöyle dile getirmiştir:

"Ne oldu buradaki ağaca?"

"Çankaya köşkünden Meclis binasına giderken o günün Ankara'sında bir tek iğde ağacı vardır. Mustafa Kemal, her gün ağacın önünden geçerken arabayı yavaşlatıyor ve ağacı selamlıyor. Bir gün; 'Bakın bu benim...' derken, o ağacın yerinde olmadığını görüyor. Büyük bir telaşla otomobili durdurup iniyor. Buradaki işçilere; 'Ne oldu buradaki ağaca' diyor. 'Efendim, yolu genişletmek için ağacı kestik' cevabını alıyor. Arabasına dönen Mustafa Kemal ağlamaya başlıyor. 'Bunun başka yolu yok muydu?' diye…"

"Ormansız bir yurt, vatan değildir." "Yeşil görmeyen gözler, renk zevkinden yoksundur. Burasını öyle bir ağaçlandırın ki kör bir insan dahi yeşillikler arasında olduğunu anlasın.".diyerek ağaç ve orman sevgisini dile getiren Atatürk'ten bir başka anı... Afet İnan, Atatürk ve Çankaya'nın ilk Cumhurbaşkanlığı Köşkü için seçilmesini anlatırken şöyle diyor: "Atatürk'ün Çankaya'yı seçmesinde etken, birkaç büyük karakavak ve söğüt ağaçlarının bulunması idi. Onların rüzgârlı günlerdeki hışırtısından daima zevk duyardı."

Atatürk ve ağaç sevgisinin en güzel örneği bence "Yürüyen Köşk" tür! Yer Yalova'da Atatürk' ün yazlık evi… Yıl 1930 ve bir pazar günü… Atatürk, bir ağacın fazla büyümesi ve ahşap evi tehdit etmesi nedeniyle kesileceğini duyar. Ancak ağacın korunması ve evin yerinin değiştirilmesi talimatını verir. Ve koca ev kızaklar üzerinde yer değiştirilerek hem ağaç hem de ev kurtarılır. "Yürüyen Köşk" haberi, 10 Ağustos 1930 tarihli Cumhuriyet gazetesinde yayınlanır.

"Yaş kesen baş keser." demiş atalarımız. Fatih Sultan Mehmet de orman sevgisini "Ormanlarımdan bir dal kesenin başını keserim." sözüyle oldukça sert ve kesin bir dille vurgulamıştır. Yani yaşı kesenin başı da kesilir diyor adeta!

Peygamberimiz Hazreti Muhammed şöyle demiş: "Kim bir ağaç dikerse onun için ağaçtan hâsıl olan ürün kadar Allah sevap yazar. Kıyamet kopmaya yakınken elinizde bir ağaç fidanı varsa ve onu dikmeye vakit bulabilirseniz onu dikin."

Fidanı dikmeden önce ağaç sevgisini yüreklere dikmek, bu sevgiyi nakış nakış işlemek gerekir. Çocuklarımız bu sevgiyle büyümeli. Çocuklar geleceğimiz diyorsak ormanlar da geleceğimizin garantisidir. Temiz bir nefes, güvenli bir dünya için hadi el ele verelim. Unutmayalım ki ormanı bekçi değil, sevgi korur.

**Harika UFUK, Adana**

**NOT:** Bu yazı 25 Eylül 2021 tarihinde **Şiirsu Org'da "Günün Yazısı"** seçilmiştir.

# KASIMLAR AĞLAR ATATÜRK'E

İInsanlar, doğarlar, büyürler, bazen zamanlı bazen zamansız terk ederler dünyayı. Gelir, geçer ama geri döner her mevsim çünkü ölümsüzdür mevsimler… Hayatlar uzun veya kısa da olsa değişmez hiçbiri… Her yıl yeniden aynı sırayla karşımıza çıkarlar. Huyları da değişmez asla.

Kış; hep soğuktur. İliklerimize kadar işleyen soğuklar, yağmurlar, karlar, tipiler, boranlar ile gelir. Soğuklar, insanları ayırmaz aksine bir ocak başında toplanmalarını sağlar. Çıtır çıtır yanıp üzerinde kestane pişirilen sobaların yerini yavaş yavaş kaloriferler, elektrik sobaları, klimalar alsa da işte bu ısıdır ailenin sıcaklığını ve bağlarını güçlendiren…

Hemen arkasından gelen ilkbaharla doğa güzelleşir, ağaçlar ve ruhlar çiçek açar. Yemyeşil kırlarda açan bin bir renkli çiçekler, ötüşen kuşlar yaşamımızı da süsler, çevremizi de… Sebepsiz sevinçlerimiz olur. Her bahar tazelenen aşklar veya yeniden doğan aşklar… İlkbahar; neşedir, canlılıktır, umuttur, doğanın yeniden dirilişidir.

Yaz; özellikle öğrencilerin ve yıl boyu yoğun çalışanların iple çektiği tatildir, denizdir, dinlenmedir. Baharda çiçek açan ağaçların meyveye durma zamanıdır. Tatil, güneş ve denizi çağrıştırsa da sarı sıcaklarda pamuk toplayanların umudur. Yazın çalışıp para kazanarak kışı rahat geçirmektir amaç… Kimilerime ekmeği, kimilerine tatili çağrıştırsa da güzeldir yaz mevsimi.

Yaz biter, sonbahar gelir. Havalar serinler, yağmurlar başlar, göçmen kuşlar terk ederler serinleyen ülkeleri… Sanki doğa hastalanmıştır, yapraklar sararıp dökülmeye başlar, rüzgârlar savururken yaprakları doğanın hüznü insanlara da yansır. Kimse bilmez sonbaharın neden bu kadar hüzünlü bir mevsim olduğunu. Ben biliyorum, sebebini öğrendim 10 Kasım anlattı bana her şeyi…

Sonbahar perişan olurken ilkbahar delişmen genç kızlar gibi süslü püslü, şen şakrak ve hatta kıvrak bir şekilde her yıl hoplaya zıplaya gelir. Mini mini kuzularla çoğalarak, bin bir çeşit çiçeklerlerle, kelebeklerin kanat çırpışlarıyla neşe içinde ve kuş cıvıltıları eşliğinde muhteşem bir orkestranın şefi gibi mağrurdur. Kış, insanları ocak başında topladığı için gururludur. Sevincine şöminede çıtırdayan odunların iştirakiyle mutluluğu ikiye katlanmıştır. Yaz; insanların tatil için iple çektiği güneş, kum, deniz ve bazılarına da sılayı çağrıştırdığı için huzurludur.

Sonbaharın hüznüne kimse ortak olmaz, sanki istemezler geldiğini. Üstelik hep suçlanır Atatürk'ü elimizden aldın diye. Oysa sonbahar yas tutar; büyük kurtarıcının ölüm gününü yüreğinin derinliğinde saklar. Kasım ayı sellere dönüşen yağmurlarıyla ağlar durur. Akarsular başını taştan taşa vurmaktayken kuşlar küser sonbahara "Seninle kalamayız, seninle olamayız." Derler. Kimse anlamaz derdini kasımların… Ağaçlar saçlarını başlarını yolarken rüzgâr kamçılar acılarını…

Ben Atatürk'ümü çok severim. Sonbaharı da hatta kasımları da çok severim. Atamızı unutmaya, unutturmaya çalışanlara inat en çok direnen mevsimdir güz. Yetmiş dört yıldır gözyaşları dinmedi. Atatürk ölmedi ki ölemez ki! Ne demişti ulu önderimiz: "Benim naçiz vücudum elbet birgün toprak olacaktır, ancak Türkiye Cumhuriyeti ilelebet payidar kalacaktır."

Sokrates'in sevdiğim bir sözü vardır: "İnsanların ruhları ölümsüzdür fakat dürüst insanların ruhları hem ölümsüz hem de ilahidir." İşte bu nedenle sonbahara bırakalım ağlayıp sızlamayı. Bize düşen görevleri unutmayalım, unutturmayalım. Onun bin bir zorluk içinde kurduğu cumhuriyete sahip çıkalım. Kaybettikten sonra değerini anladıklarımızın kervanına yenilerini eklemeyelim.

"Büyüklük odur ki kimseye iltifat etmeyeceksin, hiç kimseyi aldatmayacaksın. Memleket için gerçek ülkü ne ise onu görecek ve o hedefe yürüyeceksin. Herkes senin aleyhinde bulunacaktır, seni yoldan çevirmeye çalışacaktır. İşte sen burada direneceksin. Önünde sonsuz engeller yığılacaktır. Kendini büyük değil, küçük, araçsız hiç telakki edecek, kimseden yardım gelmeyeceğine inanarak bu engelleri aşacak, ondan sonra sana büyüksün derlerse bunu diyenlere güleceksin. " diyor Atatürk. Başka bir konuşmasında ise: " Yorulmadan beni takip edeceğinizi söylüyorsunuz. Benim sizden istediğim şey, yorulmamak değil, yorulduğunuz zaman da, durmadan yürümek, yorulduğunuz dakikada da dinlenmeden beni takip etmektir. " sözleriyle Atatürk'ümüz dinlenmeden onun izinden gitmemiz gerektiğini vurgulamaktadır.

"Ben düşündüklerimi, sevdiklerime olduğu gibi söylerim. Aynı zamanda lüzumlu olmayan bir sözü kalbimde taşımak iktidarında olmayan bir adamım. Çünkü ben bir halk adamıyım. Ben düşündüklerimi daima halkın huzurunda söylemeliyim. Yanlışım varsa, halk beni tekzip eder. Fakat şimdiye kadar bu açık konuşmada halkın beni tekzip ettiğini görmedim." sözlerini de politikayla ilgilenen kişilerin kulak ardı etmemesi gerektiğini düşünüyorum.

"Ben diktatör değilim. Benim kuvvetim olduğunu söylüyorlar. Evet, bu doğrudur. Benim isteyip de yapamayacağım bir şey yoktur; çünkü ben zoraki ve insafsızca hareket etmesini bilmem. Ben kalpleri kırarak değil kazanarak hükmetmek isterim. " sözlerini de hepimiz rehber edinmeliyiz. Atatürk; büyüktür, önderdir, unutulması mümkün olmayan kurtarıcıdır. Milletinin gönlünde bu kadar taht kurmuş başka biri yoktur bence…

O halde mevsimleri ve günleri suçlamak yerine önce kendimizi eleştirelim. Bırakalım sonbahar ağlasın, bırakalım sonbahar yasını tutsun Atatürk'ümüzün… Bizler ağlamayalım; öncelikle düşünelim. Atatürk'ü her 10 Kasım'da saygıyla anmanın yanı sıra 74 yıl içinde onu ne kadar anladığımızı muhakeme edelim. Onun ilkelerine ve devrimlerine sahip çıkalım. Cumhuriyet nimettir, onu öpüp başımıza koyalım. Her yıl 10 Kasım'da birbirimize daha çok kenetlenelim. Çoğalarak ulu önderimizin izinden dinlenmeden yola devam edelim. Ne mutlu bizlere ki Mustafa Kemal gibi bir meşalemiz var. Onun açtığı yolda yürümenin gururuyla sesleniyorum: Ne mutlu Atatürk'ü anlayanlara! Ne mutlu Atatürk'ün açtığı aydınlık yolda ilerleyenlere! Atam, dünya durdukça izindeyiz.

**HARİKA UFUK**
**ADANA**

## *Cumhuriyet güneşi*

Bin dokuz yüz yirmi üç yirmi dokuz ekimde
Taç oldu başımıza cumhuriyet güneşi.
Bağımsızlık timsali dalgalanır âlemde.
Yüreklerde yanıyor cumhuriyet ateşi.
Taç oldu başımıza cumhuriyet güneşi.
Atatürk'e borçluyuz bu aydınlık günleri,
Geleceği düşlerken unutmayız dünleri,
Atatürk'ün nutkunda öğüt altın ünleri.
Oku, öğren, uygula; bulunmaz onun eşi.
Taç oldu başımıza cumhuriyet güneşi.
Harika devrimlerle ülkemde çığır açtı,
Kurduğu okullarla yurda aydınlık saçtı,
Yükseldik ilkelerle artık cehalet kaçtı,
Ardı sıra yürürüz yolumuz onun peşi.
Taç oldu başımıza cumhuriyet güneşi.

## *Ormandan insana sesleniş*

Sapı benden olan balta yetmedi,
Testereyle hücum asla bitmedi.
Gövdemi, dalımı bırakmadınız,
Uyarıları da hiç takmadınız.
Сонымен қатар, жаһандық өзара іс-қимылдың маңыздылығын мойындай отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бүкіл әлемдегі жетекші университеттермен және ғылыми-зерттеу институттарымен әріптестік қарым-қатынас орната білді. Мұндай ынтымақтастық студенттер мен оқытушылардың алмасуына, бірлескен ғылыми жобаларға, сондай-ақ білім мен тәжірибе алмасуға ықпал етеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әсерлі академиялық және ғылыми ізденістерден басқа, белсенді студенттер қауымдастығымен де ерекшеленеді. Студенттерге академиялық саладан бөлек, сыныптан тыс іс-шаралардың кең спектрімен айналысуға кең мүмкіндіктер бар. Көптеген клубтар, қоғамдар және студенттік ұйымдар өнер мен мәдениетті, спортты, кәсіпкерлікті және қоғамдық жұмыстарды қоса алғанда, әртүрлі қызығушылықтарды қанағаттандырады. Сонымен қатар, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартуға көп көңіл бөледі. Студенттер де, магистранттар да озық ғылыми жобалар бойынша оқытушылармен ынтымақтасуға мүмкіндік алады. Бұл практикалық тәжірибе олардың академиялық жолын байытып қана қоймайды, болашақ ғылыми-зерттеу және инновациялық мансапқа дайындайды.

Сонымен бұл білім ордасы тек академиялық ғалымдарды ғана емес, сонымен қатар жаһандық дүниетанымы бар, кемелдікке ұмтылатын және әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін жан-жақты дамыған тұлғаларды тәрбиелейді. Университеттің белсенді студенттік өмірі біртұтас білім беру және тұлғаны дамыту орталығы ретінде университеттің мұрасын сақтауға ықпал ете отырып, ертеңгі көшбасшылар мен инноваторларды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

**Әл-Фараби ат. ҚазҰУ,**
**шет тілдер кафедрасы аға оқытушылар:**
**Г.Б. Қыдырбаева, Г.К. Кулжанбекова**

# I AM HAPPY IN KAZNU

Happiness is an emotional state characterized by feelings of joy, satisfaction, contentment, and fulfillment. The mood of each person is individual. For example, some people like listening to music, and some people hate it.

I've been watching movies about racing on since I was a little kid, and that's why I like cars. When I drive a car, I seem to forget about all the problems, happiness hormones and adrenaline are released, which make me happier at the moment. On a summer evening I like washing the car in detail. That is vacuum cleaning, removing dust from the interior, then remove stains from the car body with listening to music. I don't know about you but this process relaxes me very much and helps me to become happier and love life.

There are lots of thing I like. For example training alone with music. It gives me motivation to become stronger and fit. When you start to see the result you don't notice how happy you are. One of my hobbies is spending time with my best friend. We worked together in the last summer, and it was the happiest time for me. I like playing computer games with my friends. It's a completely different world. You forget about everything and enjoy only the game.

I will become the happiest person when my girlfriend is with me. Because she knows what kind of person I am, what I love, what I prefer. We can spend time together all day. We discuss different topics and about plans for the future. I love watching films and series in my free time. I'm so relaxed and fascinated by new different movie stories.

I was so happy when I entered KazNU University in the summer. All my family were happy when they found out about it. In the eleventh grade, I chose this university. Because there are a lot of faculties here and the territory of Kaznu is very large and very beautiful. And the level of education here is excellent. Now KazNU is among the top 200 best universities in the world. I am proud to study here.

Perhaps, these are enough things that make me happier and I forget about mobilography. I've been entered into this activity in the last summer. Shooting everything and editing videos make me happier.

I think everyone should do what make them happy. After all, this is the meaning of life. No need to chase money, you just need to be happy.

**1st year student of the faculty of Physics and Technology Ascarov Madiar,**
**Senior Lecturer Bekmasheva Botakoz**

# Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетіндегі СТАНДАРТТАУ және СЕРТИФИКАТТАУ МАМАНДЫҒЫ

Стандарттау және сертификаттау мамандығы қазіргі әлемде қоғамның, экономиканың және қауіпсіздіктің әртүрлі аспектілеріне әсер ететін маңызды рөл атқарады. Бұл салада білікті маман дайындап шығару үшін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті де өз үлесін қосып келе жатыр. Оқу орнындағы білім беру үдерісін классикалық және инновациялық оқыту әдістеріне негізделген топ менеджердің және сарапшының тиісті кәсіби білімі мен практикалық дағдылары бар дамыту бойынша бәсекеге қабілетті; кәсіптік қызметінде жаңа инновациялық технологияларды әзірлеуге және енгізуге бағытталған ғылыми-зерттеулерді дербес жүзеге асыра алатын; еңбек нарығының стандарттау және сертификаттау саласындағы теориялық, эксперименталды, басқарушылық зерттеулерге қабілетті және дайын еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын мамандарды даярлайды.

Бұл саланың маманы болу үшін студенттер арнайы жоспар бойынша білім алады. Бірінші кезекте міндеттелген пәндерді оқиды. Міндетті пәндер: «Жасыл технология» бойынша алынатын өнімдерді стандарттау; Басқару психологиясы; Басқарудың және бақылаудың статистикалық әдістері; Ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау (ағыл.); Нормативті құжаттамаларды экспертиза жасауын ұйымдастыру негіздері; Сапаны басқарудың өзекті мәселелері; Технологиялық процестерді стандарттау және сәйкестікті бағалау; Өндірістегі стандарттау қызметін ұйымдастыру; Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша) дамуының заманауи аспектілері; Технологиялық процестерді стандарттау және сәйкестікті бағалау және т.б.

Студенттер оқу барысында элективті пәндерден өз еркімен таңдау жасау арқылы оқи алады.Элективті пәндерге: Интегрирленген менеджмент жүйелері; Қалпына келетін энергия көздері және оларды стандарттау; Сапа менеджментінің біріктірілген жүйесі; Сапаны басқарудың халықаралық стандарттары; Экологиялық мониторинг негіздері; Энергоменеджмент жүйесі аудиті; Энергетикалық технологиялардағы есептеуіш әдістер; ИСО 14000 сериялы стандарттар негізінде экологиялық менеджмент жүйесін сертификаттау; Деректерді өңдеу және талдау пәндері жатады.

ЖОО кәсіби тәжірибе жұмыстары екі түрде өтіледі. Бәріншісі – Зерттеу тәжірибесі. Тәжірибе мақсаты: өзекті ғылыми мәселені зерттеуде тәжірибе жинақтау, оқу процесінде алған кәсіби білімдерін кеңейту және өз бетімен ғылыми жұмысты жүргізудің практикалық дағдыларын дамыту. Практика экономикалық білімдерді зерттеу, талдау және қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. Екіншісі – педогогикалық. Тәжірибе мақсаты: жоғары оқу орындарында педагогикалық қызметті жүзеге асыру, білім беру процесін жобалау және инновациялық білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқу сабақтарының жекелеген түрлерін жүргізу қабілетін қалыптастыру.

ҚазҰУ-нің физика-техникалық факультетінің жылуфизика және техникалық физика кафедрасының осы мамандық бойынша жеткен жетістіктері:

- ASIIN халықаралық сертификаты «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша
- ASIIN халықаралық сертификаты «5B072300 техникалық физика» мамандығы
- ASIIN «5B071700 жылу энергетикасы» мамандығы бойынша халықаралық сертификат
- ASIIN «5B061100 физика» мамандығы бойынша халықаралық сертификат

Жоғарыда айтылғандардың бәрін ескере отырып, осы оқу орнының магистранты ретінде мен университетіміз өз студенттерін толыққанды білім алу үшін және де өсіп келе жатқан қазіргі әлемнің талаптарына сай болу үшін көптеген мүмкіндіктер береді деп үлкен сеніммен айта аламын.

**Нурымов Ерлик Кыдыралиевич**
**Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы, PhD.**
**Бектібай Біржан Жапсарбекұлы**
**Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты.**
**Абдуразакова Дилназ Тогайбековна**
**Стандарттау және сертификаттау мамандығының 1-курс магистранты**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**

# HOW TO BECOME A LEADER, OR A FEW TIPS FOR "UNEASY" BY SCHOOL PUPILS?

Leadership is one of the most ancient phenomena, the psychology of which people would like to know. After all, leadership is most often associated with the key figures on the chessboard of life. And it is on these figures, in the first place, that the outcome of any party depends, since they are the centers of the whole system.

"Are leaders born or made?". How do you answer that question? My opinion is that leaders become. Anyone can be anyone. But not immediately! In support of this, there are a large number of examples of people who have molded themselves with their own hands and have become leaders in many areas.

Yes, a certain percentage of people may have leadership potential, but the potential itself is not yet a guarantee that a person will become a real leader in life.

To become a leader, you need to be clear about who it is. In psychology, this is the name of a person who in a certain team (class, group, organization, division, team) enjoys General recognition, has unlimited authority and exerts influence in the form of governing actions. By and large, it is the head. Voices goals and objectives, makes responsible decisions, solves problem situations, convinces everyone to go in the same direction, is a conductor between superiors (teacher, Dean, Director of the enterprise) and subordinates (students, employees).

Many people ask how to become a leader in the classroom, what to do, what are the ways, tips and recommendations of psychologists in this matter. After all, leaders are not born, they become in the process of strong desire and work on themselves. As long as you do not make yourself a leader, you are not who they won't.

In this article you will learn how to become a leader in the classroom, what to do, what are the tips of psychologists and how to apply them in practice. After all, leaders receive more attention, especially from the opposite sex, they achieve more in life and become happier. Apply our tips and you will also be able to become a leader not only in the classroom, but also in life, in the student environment and at work.

1. Increase your self-confidence.

To become a leader in a class, you need confidence, if you don't become a leader, someone else will. So, rate the level of confidence of your competitors and make your self-esteem and confidence is higher than theirs. To do this, become stronger, smarter and better at everything. Do not be afraid to show your courage, perseverance, willpower and determination. Try to be a leader in everything. Learn better and participate in all activities in the school.

2. Learn to communicate with the class.

To become a leader in the classroom, do not obey the one who wants to become a leader, try to learn to communicate with your class and separately with all students. Joke, help each other and then they will begin to consider you a leader. Many people like calmness and accordingly your confidence and determination will help them, to blame you for all the responsibility.

3. Take responsibility.

To become a class leader, you need to not only be better at everything, but also learn to take responsibility for yourself and for the class. Do not be afraid to stand up for everyone and help in difficult times. If you are asked for help, do not refuse. To be a leader in the classroom is not so simple, so understand if you need it.

4. Communicate with leaders.

Also, to become a class leader, you need to communicate with other leaders from other classes or not from school at all. When you talk to real leaders, you can learn a lot from them. As they say with whom you will be led, from that and you will gather. Communicate is all you need for leadership, but don't forget about learning and leadership in all areas of the class.

5. It is necessary to "pump" the following qualities:

* Self-control-whatever the situation, you need a "cool" head to make decisions; train to manage your emotions.

* Interest in people - in order for people to be ready to follow you, they must understand that you care about their success or difficulties, that you are also interested in them, in achieving their goals. So communicate, ask, help, then you can.

* Responsibility - you will have to learn to take responsibility for yourself and your life first (without complaining, whining about the government or bad weather). Then learn to take responsibility for others, for the common goals of the team. Take the tasks that everyone is afraid to take on themselves, think about how to solve them, attract and interest others in its solution.

* Ability to delegate-alone you will achieve much less than a team. Therefore, it is important for you to learn to see the strengths and weaknesses of the environment, to be able to distribute the tasks on the forces, to motivate and trust.

* Perseverance and optimism-the leader must believe in success, even when everyone around has given up. To believe and put this faith in others, to motivate, to charge for success.

* Openness-the leader should not be greedy, leave his experience and knowledge for himself; he should generously share his discoveries with others, because his goal is not only his own success, but also the success of the whole team.

Of course, that's not all. Whole books and series of trainings are devoted to leadership. This phenomenal quality can be argued for a long time. I will add only that punctuality, organization, efficiency, good physical shape and pleasant appearance will not prevent.

**Kassen G. A., associate Professor, candidate of pedagogics science,**
**al-Farabi Kazakh National University**
**Abdullayeva P.T., PhD,**
**Sh. Yesenov Caspian University of Technology and Engineering**

# КАЗНУ имени АЛЬ-ФАРАБИ: 90 ЛЕТ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

2024 год является знаменательным не только для университета аль-Фараби, но и для всего казахстанского научного сообщества. Университет стал неотъемлемой частью образовательного ландшафта страны, возвышаясь в высшие сферы образования и науки. Начиная с 1934 года и по сегодняшний день КазНУ имени аль-Фараби превратился в ведущее высшее учебное заведение в Центральной Азии. Университет -кладезь для многих поколений талантливых студентов, а также кузница кадров для различных отраслей экономики и общества. Сегодня, в XXI веке, университет активно участвует в мировом образовательном пространстве, поддерживая научные исследования, вдохновляя инновации и формируя будущее страны.

Известные ученые и профессорско-преподавательский состав создают интеллектуальную среду, в которой молодые таланты расцветают, а идеи становятся реальностью. Не менее важным элементом успеха университета является его постоянное стремление к инновациям в образовательном процессе. Современные технологии, интерактивные методики обучения и глобальная практика – все это является частью образовательной философии университета, делающей его не только культурным, но и технологическим лидером среди других университетов страны. Особенно хочется отметить кафедру педагогики Казахского национального университета имени аль-Фараби, созданную 12 января 1940 года. Сегодня она является одной из старейших кафедр факультета философии и политологии, которая была преобразована в кафедру педагогики и образовательного менеджмента. Кафедра готовит специалистов педагогического профиля. Становление кафедры идет вместе с развитием университета, казахстанской психолого-педагогической мысли, педагогической культуры и образования. За время своего существования кафедра подготовила специалистов высокого профессионального уровня для системы образования и других сфер общественной жизни. Сегодня выпускники кафедры работают в разных уголках страны и за рубежом. Кафедра является образовательным, научным и общественным центром подготовки научно–педагогических кадров, исследователей в области педагогики, психологии и социальной педагогики, а также высококвалифицированных специалистов, востребованных на рынке труда.

**Мукашева А.Б.-доктор педагогических наук,**
**Хасанова С.А.-докторант 3 курса,**
**факультет философии и политологии, кафедра педагогики и образовательного менеджмента**

# ӨНДІРІСТЕ ӨТКЕН БІР КҮН

Қараша айының 14-і күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, физика-техникалық факультеті, жылуфизика және техникалық физика кафедрасының «Стандарттау және сертификаттау» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы 4-курс студенттері өндіріс орнына барды. Студенттерді Есік қаласында орналасқан сүт өнімдерін шығарушы «ФудМастер» АҚ мамандары қуана қарсы алды. Өндіріс орнына өтпес бұрын студенттер қауіпсіздік ережелерімен танысып, өндіріс орнын аралауға арналған арнайы формаларды киді. «ФудМастер» АҚ бас маманы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты Тойчина Баян студенттерге өндіріс орнын толығымен таныстырып шықты. 250 қызметкері бар өндіріс орны үзіліссіз жұмыс істейтінін естіген студенттер таң қалғандарын жасыра алмады. Конференцзалға оралған студенттерді ФудМастердің HR маманы жұмысқа шақырды. QR код орналасқан жапсырмалы қағаз арқылы бос жұмыс орындарымен танысты. Студенттерге жемісті сұйық йогурттер, айран, сүзбе сияқты бүгін ғана шыққан өнімдерден ауыз тигізді. Осылай студенттер «Кәсіпорынның сапа жүйесіндегі аудит негіздері» пәнінен алған теориялық білімді тәжірибе жүзінде бекітті.

**Куйкабаева А. Тусеев Т.**





# ҚазҰУ-нің ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫНА 70 жыл

ҚазҰУ-нің тарихы терең кафедраларының бірі қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу құқығы кафедрасы. Сонау 1955 жылы өз жұмысын бастап әлі күнге дейін үздік шәкірттерді, заңгерлерді тәрбиелеп шығаруда. Кафедрада заң саласындағы аса қажетті, аты да, тұғыры да биік тұлғалар қызмет етіп, білім алған. Олар өз жұмысымен қатар ғылыми жұмыстармен айналыса отырып мемлекетке орасан зор пайдалы зерттеулер жасаған деп айта аламыз. Олар өз елімізде ғана емес шетелдерде де мемлекетке тиімді жұмыстар жасап, заң саласына пайдасын тигізген білімді азаматтар. Сондай азаматтардың қатарына кафедра меңгерушісі болып жұмыс жасаған кафедраның алғашқы меңгерушісі Асабай Мамутович Мамутов, одан кейінгі меңгерушілер Маркелов Василий Николаевич, Каиржанов Елеген Изтлеуович, Агыбаев Арыкбай Нусупалиевич, Джансараева Рима Еренатовнаны жатқыза аламыз. Бұдан да басқа кафедраға еңбегін сіңірген тұлғалар жетерлік, олардың есімін атасақ ол ұзақ тізім болары анық. Кафедраға еңбегін сіңірген оқытушылардың Қазақстан Республикасында алған атақтары, марапаттары, еткен еңбектері де кафедраның атын жоғары көтеріп тұр. Осындай меңгерушілермен, ұстаздармен кафедра мықты студенттерді тәрбиелеп келді. Әлі де өз жұмысын жоғары деңгейде жалғастыру үстінде. Келер 2025 жылда өзінің жетпіс жылдығын тойлайтын тарихы терең кафедраға үлкен жетістіктер мен үлкен табыстар тілейміз. Әлі де биік шыңнан көрінетін тұлғалары, білім алушылары көп болғай.

**Турарбек Мадияр**
**Бисенова М.К.**

# «АҒЫЛШЫН ТІЛІ» ОНЛАЙН КУРСЫ: ДӘСТҮРЛІ ОҚЫТУҒА ҚЫЗЫҚТЫ және ТИІМДІ БАЛАМА

Филология және әлем тілдері факультетінің шет тілдер кафедрасы 2019-2020 оқу жылында әзірлеген «Ағылшын тілі» жаппай ашық онлайн курсы университетіміздің МООС арасында тіркелген студенттер саны бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады. Онлайн курстың әзірленуі мен жариялануын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жаңа білім беру технологиялары институтының директоры Мусинова Асель Ахметқызы және МООС орталығының жетекшісі Атабаева Маржан Қайырғалиқызы жетекшілік етті. Онлайн курсты құрудың алғашқы қадамы Әсел Ахметқызының шетел тілдері кафедрасының қызметкерлерімен кездесуі болды, онда ол мұғалімдерге онлайн курстарды әзірлеу және басып шығару ережелері мен кезеңдері туралы өте сауатты және нақты нұсқаулар берді. Одан соң, кафедраның білікті оқытушыларымен жұмыс тобы құрылды. Курс ағылшын тілінің грамматикасын қазақ тілін пайдалана отырып оқытуға бағытталады деп шешілді. Жалпы тіл білімінде грамматиканы «Тіл патшайымы» деп атайды. Сондықтан студенттерге ағылшын тілінің грамматикасын үйрету студенттердің шет тілін меңгеруіндегі ең ұзақ және күрделі процестердің бірі болып табылады. Оқушылардың осы аспектінің барлық қыр-сырын тиімді меңгеруі үшін бай иллюстрациялық материалдар мен көптеген жаттығуларды пайдалана отырып, жақсы қазақ және ағылшын тілдерінде грамматикалық құрылымдарды өте сауатты, тиянақты және қолжетімді түсіндіретін оқытушылардың ерен еңбегін ерекше атап өткен жөн. Ағылшын грамматикасының барлық негізгі тақырыптарын қамтитын бағдарлама құрастырылды: артикльдер, предлогтар, есімдіктер, модальды етістіктер, пассивті және белсенді дауысты, дуыссыз дыбыстар, етістік шақтарының бүкіл жүйесі және т.б. Бекітуге арналған жаттығулар мен тақырыптарды меңгеру дәрежесін өзін-өзі тексеруге арналған тесттер әзірленді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жаңа білім беру технологиялары институты мен шет тілдер кафедрасының ынтымақтастығы сәтті болды және қазір бізде «Шет тілі» пәнінің бағдарламасына кіріктірілген және «Ағылшын тілі» МООК құрылды. Оқытушылар мен студенттер тарапынан жақсы баға алды.

Әрине, шетел тілдерін онлайн оқытуды студенттерге пәнді аудиторияда оқытуды абсолютті ауыстыру деп атауға болмайды. Бірақ көптеген аспектілерде бұл тілді үйренудің белгілі бір саласында білім алу, толықтыру және тереңдету үшін қолайлы балама болып табылады. Онлайн оқыту үдерісі негізінен оқытушының студентке жетекшілік етпеуі кезінде дербес жүзеге асады. Онлайн оқып, үйрену үшін өзін-өзі бақылау, жақсы зейін қою және және қандай мақсатта екенін нақты түсіну маңызды. Шетел тілдерін үйренудегі онлайн платформалардың артықшылықтары:

1. Уақытты тиімді басқару – алдын ала жасалған кестеге бейімделудің қажеті жоқ.
2. Ыңғайлылық – онлайн платформаға кез келген жерден кіруге болады. Ең бастысы жақсы интернет орнату.
3. Деректердің шоғырлануы – барлық оқу материалдары бір жерде жинақталғандығы, оларды бүкіл платформада іздеудің қажеті жоқ.
4. Әдетте, шет тілі бойынша онлайн курстар әдістемелік және лингвистикалық тұрғыдан жақсы құрастырылған бейне сабақ болып табылады, өйткені оларды тәжірибелі және жоғары білікті мамандар әзірлейді және мұндай курстардың тиімділігі сөзсіз жоғары. Барлығыңызды: студенттерді, магистранттарды, оқытушыларды «Ағылшын тілі» онлайн курсына қатысуға шақырамыз. Сізде грамматика бойынша біліміңізді жаңартуға, олқылықтарды қалпына келтіруге және ағылшын тілінде еркін сөйлеу дағдыларыңызды жақсартуға тамаша мүмкіндік бар! (http://moocs.kz/)

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шетел тілдері кафедрасының аға оқытушылары Молдағалиева А.А. Бекмашева Б.Н.**

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАҒАН БІЛІМ ІЗДЕУШІГЕ ХАТ

Сапалы білім берудің озық жүйесі мен халықаралық деңгейде өзіндік салмақты орны бар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті еліміздің әр азаматы үшін биік білім ордасы болып есептеледі. Инновациялық және өндірістік потенциалын және дамыған білім беру мамандарын түрлі салаларда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде оңтайлы ұштастыра білген бұл оқу орнында тек қана еліміздің ұрпағы ғана емес, шетелдік азаматтар да білім нәрімен сусындайды. Шетел өкілдері университетіміздің барлық факультеттерінде білім алуда. Әрине, бұл жағдайға өзіндік түсіндірмелер бар. Студенттерге деген үлкен қамқорлық лебі үнемі сезіліп тұратын бұл жоғарғы оқу орнында заманауи жабдықтар қолданылатын корпустар, Студенттер сарайы, музей, Студенттерге қызмет көрсету орталығы, әдебиет қоры мол кітапхана, спорт кешені және ең маңыздыларының бірі қолайлы жатақханалар бар. Университет қазақстандық барлық жағынан алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орны ретінде дамудың жаңа сапалы деңгейіне көшіп, халықаралық деңгейде өз позициясын нығайту үшін жаһандық трендтерді және адам өміріне қатысты барлық дамушы салаларды терең зерттеу арқылы білім беру мен зерттеу жұмыстарын жүргізудің жаңа бағдарламаларын енгізуге ерекше мән береді. Университет алыс және жақын шетелдердің алдыңғы қатарлы университеттерімен бірлесе отырып негізін қалаған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда нейроғылым, ақпарат және деректер ғылымы, экономика-экологиялық тенденциялар, наноғылым салалары мен басқару бойынша заманауи цифрлық және интеллектуалды жүйелері сынды салаларды қамтыған. Студенттердің кәсіптік біліктіліктерін шыңдап, жоғары білімді маман, биік тұлға болып қалыптасып, болашақта еліміздің дамуы мен жаңа белестерді бағындыруына өз үлестерін қосуы үшін кәсіптік тәжірибелер жүргізу бойынша үлкен таңдау спектрі қарастырылған. Сонымен қатар, зертханалық жұмыстар мен терең ғылыми-зерттеулер жүргізу мүмкіндігі бар.

«Қозғалыссыз тіршілік жоқ, өмір мен даму үздіксіз қозғалыссыз мүмкін емес» деген ойды негізге ала отырып, үнемі ізденіс пен алға қарай талпыныс нәтижесі талай жылдар бойы білім саласын ғана емес, жалпы мемлекетімізді көркейте бермек. Сондықтан мемлекеттің жалпы жағдайы мен экономикасының дамуындағы жоғарғы білім берудің атқаратын рөлі ерекше екендігін ескере отырып, мемлекет тарапынан арнайы көңіл бөлінеді.

Мемлекет тарапынан ҚазҰУ үлесіне берілген білім алу гранттарын ұтып алған жастарға артылар сенім өте зор. Сол себепті, осы жоғарғы оқу орнының магистранты ретінде университетіміздің табалдырығын жаңадан аттап жатқан жас ұрпаққа айтарым: «Тек алға, сіздерге беріліп отырған тамаша мүмкіндіктің барлығын дерлік қолдану арқылы, тек жоғарғы білім бойынша диплом иесі емес, өз жоғарғы оқу орны мен елінің болашағына алаңдайтын сапалы білімі бар өз саласының маманы болыңыздар»!

**Нурымов Ерлик Кыдыралиевич**
**Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы, PhD.**
**Бектібай Біржан Жапсарбекұлы**
**Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты.**
**Бекбатырова Аружан Бауыржановна**
**Стандарттау және сертификаттау мамандығының 1-курс магистранты**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**

# ЭКОФЕРМАҒА САЯХАТ



Физика-техникалық факультеті, жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы, PhD Куйкабаева Айжанның ұйымдастыруымен «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша білім алушы 4-курс студенттері 2013 жылы шаруа қожалығы базасында ашылған «EcoFermer» білім беру орталығына экскурсияға барды. Орталықтың негізін қалаушы, экожүйе, вермикультура, баламалы энергия көздерін өндіру және қолдану саласындағы тәжірибеші Денис Сергеевич студенттерге есте қаларлықтай экскурсия ұйымдастырды. Студенттер екі сағат ішінде теориялық білім алып қана қоймай, Денистің экологияны қорғау мақсатында жасаған барлық жобаларын өз көздерімен көріп тамашалады. Жобалардың ішіндегі «биогаз құрылғысы» студенттердің қызығушылығын тудырды.

**Физика-техникалық факультетінің қауым. профессоры А.А. Куйкабаева**

# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ

Биылғы 2023 – 2024 жаңа оқу жылының аясында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті физика-техникалық факультеті, жылуфизика және техникалық физика кафедрасының ұжымының ұйымдастыруымен 2023 жылдың 24-қараша күні 341 аудиторияда сағат 10:00-ден басталған шахмат турнирі өте тартымды өтті. «Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасының доценті, ұлағатты ұстаз Ж.Ө.Өмірбековтың атынан жыл сайынғы физика пәні бойынша Республикалық олимпиада және шахматтан өтетін турнирге ұлы Саят Жеңісұлы демеушілік жасап келе жатыр. Бұл олимпиадаға Жоғары Оқу орындарының 1-курс студенттері мен 11-сыныпты бітіруші мектеп оқушылары қатысып, жарыс жоғарғы деңгейде өте тартысты өтті.

Белсенді қатысқан оқу орындарын атап айтатын болсақ: әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті, №211 мектеп-гимназиясы және Beta High School (Алматы қ.) мектептері қатысты. Өте жақсы ойын көрсеткендер, жүлделі орын алғандар ақшалай және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Атап айтар болсақ, 1-орын 50.000 теңге, 2-орындар 30.000 теңгеден, ал 3-орындар 20.000 теңгеден марапатталып, мақтау қағаздары табыс етілді.

Шахмат турнирінен жеңіс тұғырына көтерілген жеңімпаздар:

1- орын – Қанат Альтаир (Beta High School, Алматы қ.)

2- орындар – Ақпанбетова Дарина (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.) және Алпысбай Жандәулет (Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.)

3- орындар – Әлішер Асқар (№211 мемлекеттік мектеп-гимназиясы, Алматы қ.), Дүсеков Марғұлан (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.), Бүркіт Шыңғысхан (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.)

Оларға кафедра меңгерушісі ф-м. ғ. д., профессор Бөлегенова Салтанат Әлиханқызы мен т.ғ.к., доцент м.а. Исатаев Мұхтар Советұлы құттықтау сөздер арнады.

Атап айтар болсақ, шахмат ойыны дәстүрінің бірден-бір ерекшелігі жастардың ой-өрісін арттыруға, ойлау қабілеттерінің ерекшеленуіне көптен-көп ықпалы болатынына сенімдіміз. Осындай Республикалық деңгейдегі олимпиадалық жарыстардың ерекшелігі, мектеп бітіруші 11-ші сынып оқушыларын жүйелі түрде жарысқа шақыру, олимпиада және шахматтан өткен турнирлер университетіміздің абыройын асқақтатып, физика-техникалық факультеттің, соның ішінде жылуфизика және техникалық физика кафедрасының дайындайтын мамандықтарына: техникалық физика, жылу энергетикасы мен стандарттау және сертификаттау мамандықтары бойынша түсінік беру, мектеп бітіруші оқушылардың арасындағы қызығушылықты арттыру бағыты деп бағалаймыз. Мектеп бітіруші жастар жарыстарға қатыса отырып, кафедра өмірімен, зертханалық аудиторияларының жабдықтарымен, ғылыми негізде қызықты жүргізілетін және орындалатын ғылыми бағыттарымен танысып, мамандық таңдауда алған бағытын нақтылайтындығына сенімдіміз және оған күмән келтіруге еш себеп жоқ.



**Шахмат ойынынан көрініс**

Құрметті мектеп бітіруші жастар! Сіздер үшін университетіміздің есігі әрдайым айқара ашық!

**Досжанов О.М., т.ғ.к. Жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы,**

**Орынбасар М.Н., Жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы**

**Қалтай Т.Д., Жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының оқытушысы**

**Оспан Әсел, магистр**

# Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің әлем деңгейіндегі ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстандағы озық, ғылыми жұмыста көп жылдық тәжірибеге бай жоғары оқу орындарының бірі. Жоғары білікті мамандарды даярлауға, іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға, оларды өндіріске енгізуге бағытталған университеттің орасан зор білім беру, ғылыми және инновациялық әлеуеті бар. Бүгінгі таңда университет 47 елдің 525 университеттерімен және ғылыми орталықтарымен белсенді ынтымақтастықта. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық, еуропалық және еуразиялық университеттер ассоциациясының мүшесі болып табылады.

Қазіргі кезде университет халықаралық ынтымақтастық дамытуда көптеген жұмыстар жүргізуде. 2023 жылдың 27-шілдесінде өткен Бейжің қаласындағы Қытайдың даму жөніндегі халықаралық білім орталығының ұйымдастыруымен «Қытай – Орталық Азия» даму саласындағы білім бойынша симпозиумына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысқан болатын. Айта кету керек, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ҚХР-дың 50 жоғары оқу орнымен өзара іс-қимыл туралы келісім орнатқан. 2023 жылы университет Сиань солтүстік-батыс Политехникалық университетімен ҚазҰУ жанынан ССБПУ филиалын ашу туралы келісімге қол қойды. ҚазҰУ-да ҚХР-дан 400 студент оқиды. ҚазҰУ жаңа Жібек жолы университеттері альянсының үйлестіру комитетінің мүшесі бола отырып, Бейжің, Гонконг және Сиань университеттерімен бірлесіп халықаралық жазғы мектептер өткізеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Сиань Цзяотун университетінің вице-президенті Шан Вэньхуа бастаған ҚХР-нан делегациямен кездесу өткізді. Келіссөздер барысында тараптар ынтымақтастықты нығайту бойынша екі ел арасындағы құқықтық зерттеулерді тереңдету, студенттер мен оқытушылар құрамының алмасуын күшейту, халықаралық жария құқық саласында қосдипломдық білім беру бағдарламаларын іске қосу сияқты бірқатар мәселелерді талқылады. Кездесу соңында Қытай мен Орталық Азияның құқықтық зерттеулер орталығын құру және өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

**Куйкабаева Айжан Амангалиевна**
**PhD, аға оқытушы**
**Тулеуова Лунара Батырбековна**
**Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)**
**1-курс магистранты**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**

# ЭКОНОМИКАНЫ ДЕКАРБОНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ЖАҢА ЖОЛЫ

Декарбонизация бүкіл экономикада жүйелі өзгерістерді қажет ететінін барлық амбицияларға қарамастан, көміртекті өндіру мен тұтынудың бірнеше салаларына – бірінші кезекте электр энергиясы және жылу энергиясына назар аударылады. Декарбонизация көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтуды қамтиды және де климаттың жаһандық өзгерісінің апатты салдарын алдын алуға негізделген.

Қазіргі уақытта энергияны декарбонизациялау жаһандық деңгейде өзекті мәселеге айналуда. Негізгі тенденциялардың бірі – күн, жел және су энергетикасы сияқты баламалы энергия көздерін дамыту, бұл шығарындыларды және көмірсутекті отынға тәуелділікті азайтады.

Экономиканың сақталуы мен дамуын және халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін декарбонизация әлеуметтік-экономикалық мақсатқа сай болуы керек екенін атап өткен жөн. Ол сондай-ақ халықаралық, ұлттық және аймақтық деңгейлерде үкіметтер, бизнес және мемлекеттік сектор арасындағы ынтымақтастықпен пен үйлестіруді талап етеді.

Декарбонизация ұзақ мерзімді стратегия мен жоспарлауды, сондай-ақ жаңа технологиялар мен инфрақұрылымға барабар қаржыландыру мен инвестицияны қажет ететін күрделі және ұзақ мерзімді процесс. Ол сондай-ақ экономикалық даму, әлеуметтік әл-ауқат және қоршаған орта сияқты басқа мақсаттар мен басымдықтармен теңгерілген болуы керек .

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де «ЭКОНОМИКАНЫ ДЕКАРБОНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ЖАҢА ЖОЛЫ» атты бірінші халықаралық конференция өтті. Конференция жеті түрлі бағыт бойынша 7 секция жұмыс істеді. «Экологиялық тұрақтылық, экономиканың әлеуметтік жауапкершілігі» секциясын ЮНЕСКО-ның тұрақты даму кафедрасы ұйымдастырды және жүргізді.

Конференция өтуінің негізгі мақсаты - экономиканы декарбонизациялау жолында қоғамның экологиялық жағынан тұрақтылығын және әлеуметтік жауапкершіліктерін арттыру бойынша ең үздік деген шешімдерді көрсетуге негізделді.

Халықаралық конференция негізі мынадай бағыттар бойынша өтті:

- экономиканы декарбонизациялаудың өзекті мәселелерін шешу және климаттың өзгеруіне бейімделу
- көмірқышқыл газы шығарындыларын азайту және атмосфералық ауаның сапасын басқару
- тұрақты табиғатты пайдалану және ресурс үнемдеу
- жасыл экономика мен қазіргі заманғы стандарттарды енгізу, экологиялық таза қалалар құру.

Конференцияға қатысу барысында бірнеше өзекті мәселелер көтеріліп, сол негізде шешу бағыттары ұсынылды.

**Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті, х.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Алимжанова М.Б., «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» мамандығының магистранты Тұрақова Д.А.**
**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, физика-техникалық факультеті**
**e-mail: dturakova995@gmail.com**




*Желтоқсан айында дүние есігін ашқан Түркі халықтары мәдени қорының белсенді мүшелері Тұяқ Есхожина, Гужахан Жарымбетова, Нағия Ештаева, Арман Әубәкірді туған күндерімен құттықтаймыз! Сіздерге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, жүрек гүлінің мәңгі солмауын, шаңырақтарыңызға шаттық орнауын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз! Аспандарыңыз ашық, жүздеріңіз жарқын, шаттық-қуанышытарыңыз молынан болғай!*

**Ізгі тілекпен, Түркі халықтары мәдени қоры және «Түркі әлемі» газетінің ұжымы**

# ТҮРКІ ДҮНИЕСІМЕН ҮНДЕС АҚЫН



**Ғалым Әріп – қасиетті Маңғыстау өңірінің төл тумасы. Дүлдүл ақын, қаламы жүйрік журналист, «Маңғыстау» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. Түркі дүниесінің әдебиеті қосқан үлесі үшін ILESAM Түркияның ғылыми және әдеби шығарма авторларының кәсіби ассоциация төрағасы Мехмет Нури Пармаксыздың Алғыс хатымен марапатталған.**

## Түрік көсемінің төрелігі

*Түркия президенті Реджеп Тайип Эрдоған әлемге өршіл үн қатты. Бейбітшілік жалауын желбіретіп, ымыраға шақырды.*

Ер-ағам ерше нағыз айбат шекті,
Тәңірім тарпаң ұлды қайратты етті.
Алып Арсылан, Ер Тұғырыл, Осман бектей,
Баһадүр туған екен қайран текті!

«Жамағат, құлағың түр, көзіңді тік,
Зерденде зейін болса сөзімді ұқ.
Дүние дүрлігіп бір дүр сілкінсе,
Қашанғы шыдас бермек төзімді жұрт?
Арылып ашу менен жымысқы ойдан,
Арамдық, ашкөздікті дұрыс қойған.
Израил, есіңді жый, елірмегін,
Тежей біл пиғылыңды қырып- жойған.
Қиратып бомба тастап қалаларды,
Өксіттің өзек өртеп аналарды.
Бөрідей қойға тиген бөрліктіріп,
Жайраттың мыңдап қыршын балаларды.
Кісәпір кер пейілге зауал келер.
Келтіріп тәубесіне көкте Құдай,
Нетаньяху Алла алдында жауап берер!
Бекерге не жөнің бар тайраңдардай,
Ешкімді тіл, дініне бөлмей-тұғын,
Түркия зайыры мол іргелі елміз!
Ешқашан ажыратпай тінімізді,
Сыйлаған біріміз бен бірімізді,
Мұсылман, христиан, яхудилер,
Әлемге естіртеміз үнімізді!
Біз үшін бейбіт тірлік құнды болар,
Түркия күллі әлемге үлгі болар.
Түркия ешкімге де тәуелді емес,
Қорқаулық көр пиғылды айыптайды!
Сан ғасыр Анадолы - Отанымыз,
Тыныштық керек бізге, Таяу Шығыс!»

## От-намыс алауы

*немесе қаһарман қазақ жастары Маңғыстаулық ауылдас інім, жалынды ер Аманжол Қортабаевпен сырласа отырып, барша желтоқсаншы батыр бауырларыма арнадым.*

Жас түлектер шықты алаңға ертемен...
Белді буып, арды қуып ерлеген.
Қайсар қала ерлік жырын шерткендей.
Көше бойы теңселеді нөпірден
Қаққан еді тәуелсіздік есігін,
Ел болуға ұмтылудың несі мін?!
Рух барда жеңілмейді өр халық,
Біле білсе, қазақ деген нар халық.
Он бес елге егемендік әкеліп,
Жүзеді еркін бостандықтың кемесі.
Бостан ғұмыр бой балқытып, баурайды,
Қазақ Елі қаһарманнан аумайды!
Сексен алты!..
От-намыстың алауы
Мәңгі сөнбес мәздақ болып лаулайды!
Сол жастарды қай батырдан кем көрем,
Бәрін-бәрін жолбарысқа теңгерем .
Ердің бірі – маңғыстаулық Аманжол,
Қияларға қыран-құлаш сермеген.
Желтоқсанда түрдің сен де білекті,
Қырда туған жігіт едің жүректі.
Мәңгі маздақ ұшқынына айналып,
Серпігенсің жай отындай түнекті.
Тарихтарға кетер ме екен есімің,
Сенен, бәлкім, сұрар Дәуір кешірім.
Сексен алты, Желтоқсанда, бауырым,
Қақтың сен де Тәуелсіздік есігін,
Тербетсем деп туған елдің бесігін!..

**Қортабаева Гүлжамал**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**
**филол.ғ.к., доцент**



**Ғалым Әріп (оң жақта бірінші тұрған) Түркия ғалымдарымен (Қызылжар, 2023 жыл, 22 -маусым)**

# КӘСІПОРЫНДАРҒА ЭКСКУРСИЯЛАР
## КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде жастармен жұмыс істеудің маңызды бағыттарының бірі олардың қызмет ету жүйесімен танысу мақсатында өнеркәсіпке, кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру болып табылады. Студенттер мамандардың жетекшілігімен кәсіби бағдарлау саласында өз бетімен қаншалықты белсенді жұмыс жасаса, оның таңдауы соншалықты сәтті болады. Нәтижесінде оның бойында кәсіби маман ретіндегі қасиеттері қалыптасады. Студенттердің кәсіпорындарға экскурсияға қатысуы оларды жұмыс орнын тікелей таңдауға бағыттап қана қоймайды, сонымен қатар танымдық белсенділікті арттыруға ықпал етеді.

Осы мақсатта әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жылуфизика және техникалық физика кафедрасының 6В07501 – «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» мамандығының 4-курс студенттеріне Есік қаласындағы «Foodmaster» сүт өндіру кәсіпорнына экскурсия ұйымдастырылды.

Бұл компания жайында қысқаша айта кететін болсам, Қазақстанда атақты «Foodmaster» компаниясының тарихы 1995 жылдан бастау алады. «ФудМастер» компаниясы Қазақстан нарығында сүт өнімдерінің арасында көшбасшылардың бірі. Компания отандық өндірушілер арасында ең үлкен өнім тізбегін жарыққа шығарып, халықтың ұсынысы мен талғамын барынша қанағаттандыруға тырысады.

Қазіргі таңда компания зауыты 100-ден астам атаумен сүт өнімдерін шығарады. Жыл сайын компания өнімдерінің түпжиынын жаңарта отырып, Қазақстан халқына жаңа, сапалы әрі дәмді өнімдерін ұсынады. 2004 жылдан бастап «ФудМастер» компаниясы әлемде жоғары сапалы сүт өнімдерін өндіретін, дүниежүзінің 200-ден астам мекемелерін біріктіретін халықаралық «Лакталис» тобына кірген. «ФудМастер» компаниясының негізгі мақсаты, Қазақстандағы сүт өнімдерін тұрақты дамуы мен тұрғындарды табиғи қоспалардан жасалған, әлемдік сапа стандартына сай өнімдермен қамтамасыз ету.

«ФудМастер» кәсіпорнындағы алғашқы экскурсиялар 2007 жылы өтті, олардың барысында кәсіптік бағдар беру жұмысының бұл түрі студенттер үшін маңызды және қызықты екендігі анықталды. Сондықтан кәсіпорындарға бару экскурсиялық іс-шара тұрғысынан жалғасты және талданды, ал 2008 жылдан бастап мұндай мониторинг ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің жұмысында тұрақты болды.

Кәсіби бағдарлау саласында «ФудМастер» кәсіпорнына экскурсияға «Стандарттау және сертификаттау» мамандығының 23 студенті, кафедраның қауымдастырылған профессоры А.А.Куйкабаева қатысты. «ФудМастер» зауытына бару аясында қауіпсіздік шараларды бойынша компанияның презентациясы көрсетілді. Зауыт басшылығымен, сондай-ақ LECCA тобының сүт және ашытылған сүт өнімдері жөніндегі, әрі «Био-С» био-йогуртын ойлап тапқан сарапшысы Сыздықова Орынғайша Абельтаевнамен танысты, зауыттың өндірістік желілерімен, өндірістік қызметтер, өндірістің өзі, өнімді буып-түю және қоймада сақтау процестерімен танысыру өтті. Цехтарды аралап шыққаннан кейін студенттермен келіссөздер жүргізіліп, онда болашақ көшбасшыларды дайындау аясында университетті бітіретін студенттерге арналған арнайы бағдарламалар жайында, сонымен қатар мансаптық даму мүмкіндіктері талқыланды. Жүргізілген іс-шара қорытындыларына жалпы баға алу және ең қызықты сәттерді талқылау мақсатында жүйелі түрде сауалнама жүргізілді. Сауалнама деректерін талдау барысында студенттер экскурсиялардың мазмұнына риза болғаны белгілі болды, яғни алынған барлық ақпарат қызықты, пайдалы және маңызды болып шықты. Студенттерге кәсіпорынның цехтарына бару үлкен әсер қалдырды, онда олар өндірісті тікелей бақылай алды. Студенттердің көпшілігі, «ФудМастер» сүт өнімдерін өндіру кәсіпорнына барған кезде де, кәсіпорынның жұмысы туралы бейнефильмді қарау барысында да өздері үшін пайдалы ақпарат алғанын атап өтті. Кәсіпорындарға келген студенттердің көпшілігі үшін ең маңыздысы кәсіпорындағы стандарттау инженері жұмысының мазмұны туралы ақпарат болды, соның арқасында олар болашақ мамандықтары туралы көбірек біле алды. Жалпы, экскурсанттардың бағалауы бойынша, кәсіпорынға бару олардың болашақ кәсіби қызығушылықтары саласына тікелей байланысты маңызды ақпарат береді. Осылайша, студенттердің сауалнамасының нәтижелерін талдау негізінде келесі қорытындылар жасауға болады.

Біріншіден, кәсіпорындарға бару пайдалы және ақпараттық мәні бар, бұл кәсіпорындардың құрылымын және ондағы қызмет түрлерін көруге мүмкіндік береді. Студенттер экскурсиялардың мазмұнын да, ұйымдастырылу деңгейін де жоғары бағалайды.

Екіншіден, экскурсиялар нәтижесінде ҚазҰУ студенттер, аудиторияда алған теориялық білімдерін практикада бекітті.

Үшіншіден, сауалнама нәтижелері студенттердің оқу процесінде қажет деп санайтын және жұмыс орны туралы ақпарат алуға көмектесетін тәжірибелік экскурсияларға үлкен қызығушылық танытатынын көрсетті.

Бір сөзбен айтқанда, ҚазҰУ оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында кәсіпорындарда экскурсиялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәжірибесін жалғастыру қажеттілігі айқын.

**Тойчина Баян Ғабдұлбарқызы**
**PhD, қауым.профессор, Куйкабаева Айжан**
**«Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасы**



# ЭКОНОМИКАНЫ ДЕКАРБОНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ЖАҢА ЖОЛЫ

Қазіргі кездегі ең үлкен экологиялық мәселе – климаттың өзгеруі. 2015 жылғы Париж келісімі іс-әрекет тұрғысынан шешуші болды, өйткені 195 ел осы ғасырдың соңына дейін өнеркәсіпке дейінгі дәуірде ғаламдық температураның 2°C дейін көтерілуін шектеуге және оны 1,5°C дейін төмендету бойынша жұмысты жалғастыруға келісті. Декарбонизация – бұл атмосфераға көміртегі шығарындыларын, әсіресе көмірқышқыл газын (CO2) азайту процесі. Оның мақсаты – эмиссиясы төмен жаһандық экономикаға қол жеткізу және энергетикалық ауысу арқылы климаттық бейтараптыққа қол жеткізу. Экономиканы дамыту үшін органикалық отынды жағу арқылы адамзат көмірқышқыл газының шығарындыларын арттырды. Бұл парниктік эффектінің бір себебі, сондықтан жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруінің себептерінің бірі. Декарбонизация энергияның ауысуын қажет етеді, бұл көміртекті энергия өндіруден алып тастайтын құрылымдық өзгеріс. Бұл таза балама энергияға негізделген экономикалық электрлендіру, ол тек жер сіңіре алатын энергия шығарады.

Тиімді декарбонизация – бұл көмірдің бейтараптылығына мүмкіндігінше төмен бағамен қол жеткізуге тырысу әдісі, сондықтан әрбір энергияны соңғы тұтыну бәсекеге қабілетті баламаларды қолдана отырып шығарындыларды азайтады.

Энергияның тиімді ауысуының бірінші міндеті – жаңартылатын энергияны оның энергия өндіру портфеліне интеграциясының артуының арқасында осы мақсатқа тез арада және бәсекеге қабілетті түрде жетуге қолайлы электр секторын толық декарбонизациялау. Бұл шамамен 65 жылға қарай жаңартылатын энергия өндірісінің 2030%, 85 жылға қарай 2050% жететін болады. Ол үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

- Жаңартылатын энергияны ынталандыру және бәсекелестік тетіктерін ілгерілету.
- Желілік инфрақұрылымның дамуы мен цифрлануы тұрақты және болжамды нормативтік базаға ие.
- Жүйенің тұрақты түрде қажетті күш пен икемділікке ие болуын қамтамасыз ету үшін сыйымдылық механизмін құру.
- Энергия үнемдеудің жоғары тиімділігін арттырыңыз және жаңартылатын энергияның жоғары өткізгіштігін басқаруды ынталандырыңыз.

Екінші мәселе – электрлендірудің күшеюі арқылы экономиканың басқа салаларын көміртексіздендіру, негізінен көлікте (электромобильдер арқылы) және ғимараттарда (электр жылу сорғылары арқылы). Ол үшін энергия аясында теңдестірілген бәсекелестік ортаны құрудың негізін қалау қажет:

- «Ластаушы төлейді» қағидасына сәйкес біртекті экологиялық салықты орнатыңыз (барлық энергия көздері декарбонизация шығындарын көтереді).
- Электрлендірудегі кедергілерді алып тастаңыз, электрмен қамтамасыз етілмеген шығындарды жойыңыз және электр энергиясын түпкілікті пайдалануға ықпал етіңіз.

Электрленбейтін энергия.

Жеткізу, авиация, ауыр жүк тасымалдау немесе жоғары температуралы өнеркәсіп сияқты тұтынушылардың кейбір қосымшалары, олар электрлендіруде мүмкін емес немесе бәсекеге қабілетсіз. Бұл жағдайларда көміртегі бейтараптылығына жету үшін көміртегісіз отынды қолдану қажет, дегенмен олардың технологиялық дамуы әлі жетілмеген, сондықтан ағымдағы шығын өте жоғары.

Бұл тауашалар Еуропалық Одақтың энергия шығыны мен шығарындыларының 16%-ын құрайды, сондықтан олар жалпы есептеулерге аз әсер етеді және қажет технологиялар бәсекеге қабілетті болғаннан кейін оларды декарбонизациялауға болады. Дүниежүзілік Банк, Европалық Одақ және ЕҚДБ өкілдері Қазақстанның көміртекті бейтараптық бойынша үлкен әлеуеті барын айтып, қолдау көрсетуге дайын екендігін білдірді.

Декарбонизация – бұл бүкіл әлем алға қойған жол. Климаттың өзгеретіндігі қаупі бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп, дағдарысқа ұшыратуы мүмкін, осыған орай «жасыл» экономикаға ауысу өте маңызды іс.

Осы өзекті мәселеге байланысты әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде (www.kaznu.kz) 8-9 қараша аралығында «Экономиканы декарбонизациялаудың жаңа жолы (KZGT-2023)» атты бірінші халықаралық конференция өтті. Тұрақты даму мақсаттарының 13-бағыты бойынша өткен іс-шараны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Санкт-Петербор политехникалық университеті бірлесіп ұйымдастырды.

Конференцияда жеті түрлі бағыт бойынша 7 секция жұмыс істеді. «Экологиялық тұрақтылық, экономиканың әлеуметтік жауапкершілігі» секциясын Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы ұйымдастырып, өткізді. Секцияның мақсаты – экономиканы декарбонизациялау жолында қоғамның экологиялық тұрақтылығы мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыру үшін ең оңтайлы шешімдерді көрсету.

Секция жұмысына 30дан астам адам, оның ішінде Индонезиядан келген исламдық қаржы жөніндегі маман, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстаннан келген Орталық Азия университеттері мен ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚР ҰӘМ Экономика институты, Нүкіс Тау-кен институты және т.б. қатысты.

Жиында шетелден келген қонақтар өз тәжірибелерімен, ойларымен бөлісіп, экономика және энергетика салаларындағы өзекті мәселелерді қозғап, ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Конференция барысында тұрақты даму бағыттары бойынша өмір сүру сапасын жақсарту, адам денсаулығын нығайту, энергияны үнемдеу, тиімді институттар құру, технологияларды жетілдіру, экологияны сақтау, энергетика саласындағы инклюзивті өсу мен энергияны тұтыну, энергетикалық ауысу және цифрлық трансформация мәселелері талқыланды. Сонымен қатар қалдықсыз көмір технологиялары, сутегі мен атом энергетикасының дамуы, көлік қозғалғыштығы және климаттың өзгеру тақырыптары да қозғалды.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының қауымдасқан профессоры Қожахан А.К.**
**Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі (7М11201) мамандығының 1-курс магистранты Ускинбаев Е. А.**


yimpaş
proma
marketler zinciri
Маметова 67 А
Самал-2, д.48




Furniture for home, hotels, restaurants, cafes
SANDALUCI
Мебель для дома, отелей, кафе и ресторанов
г. Алматы, ул. Жангельдина 193г
Тел.: +7 (701) 221 00 20, +7 (727) 290 89 93
г. Нур-Султан, БЦ Алматы, ул. Иманова, 19
офис 57, 11 этаж, Тел.:+7 (701)512 61 30



# БАЛАЛАРЫ ӨНЕРЛІ БАЛАБАҚША

Балаңыздың аман-саулығына жауап беріп қана қоймай, өнегелі тәлімге баулып, Халықаралық байқауларға дейін қатыстыратын балабақшаға барғанын қалар ма едіңіз? Әрине, бұл – әр ата-ананың асыл арманы. Осы ретте дана халқымыз: «Баланың өскен бесігі – кең дүниенің есігі» деп бекер айтпаса керек.

10-желтоқсан күні Мемлекеттік Республикалық Ұйғыр театрында балалар өнерін қолдау мақсатында «Би әлемі» Халықаралық өнер байқауы өтті. Байқауға балабақша балалары мен оқушылар қатысты. Ішінен оқ бойы озық шыққан, қанжығасына 1-орынды байлаған «Чудо-детки» балабақшасының 22 өнерпазы еді. Олардың жастары небәрі 5-6-да. «Ұлттық тәрбие – бала жанының қорегі» дегендей Халықаралық өнер байқауында балалар ұлттық әуенге қазақтың қасиетін білдіретін көк түсті туы бейнеленген киімді киіп, «Жаса Қазақстан» биін биледі. Сахнада тұрған жалындаған балалар құдды бір би саласының майталмандары ма дерсің... Бойларында тулаған ыстық қаны көрермендерге сезіліп-ақ тұрды. Олар: Мұратхан Жания, Амантай Батырхан, Ермек Лейсан, Құсанғазы Аянат, Саулебаева Айкүнім, Хусаин Нұрислам, Мұратхан Раяна, Қали Естай, Тлемисов Айбек, Нұрбек Мұхаммед, Сейфулла Ибрахим, Бақтығұл Алияр, Қабылғазы Алима, Амангелдиев Алдияр, Алда-Онгаров Рамазан, Талипбай Малика, Бақытжан Асылжан, Болат Дінмұхаммед, Бауыржанұлы Әлім, Әбдікерім Алиакбар, Қайрат Даниял, Тасболат Айрат есімді бүлдіршіндер еді... Бұл бүлдіршіндердің ата-аналарымен де тілдесудің сәті туып, сұрақ астына алдық.

Нұрбек Мұхаммедтің анасы: «Біз бұл балабақшаға келіп жүргенімізге небәрі 2-ақ жыл болды. Шынымды айтсам, баламда мүлдем қабілет жоқ еді. Үйде өзімен-өзі жүрген бала ғой. Бірақ осы балабақшаға кіргелі баламның көзі жанып, әртүрлі өнерге деген қызығушылығы оянды. Балам сахнаға шыққанда қатты толқыдым» десе, Амантай Батырханның анасы: «Бұл – біздің бірінші байқауымыз емес. Осының алдында Халықаралық байқауда актерлік шеберлік бойынша бақ сынаған едік. Ол жерде де бізге гран-при бұйырды. Негізі баламда 1 жас 7 айынан бастап өнерге қабілеті барын байқағанбыз. Бірақ аса мән бере қоймадық. Балабақшаның арқасында енді сахнадан бой көрсетуде. Ана ретінде баламның мұндай жетістігін көру – мен үшін үлкен бақыт» деп қуанышын жасырмады.

Расымен, ата-аналар айтқандай, саны да, сапасы да жоқ балабақшалардың қасында Алматының шетінде орналасқан Чудо-детки балабақшасы озық екені анық. «Өнерлі бала өнерлі тәрбиешіден» екенін ескерсек, бұл жерде хореограф Таланды Ошакбаевнаның, әдіскер әрі жетекші Жанар Сәттібекқызының және балабақша меңгерушісі Маруан Тохановнаның үлесі зор-ақ...

**Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ**





# ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДІ ОЯТУ

«Болашақ – жастардың қолында» деп дәл осы тақырыпты кеңінен ашып жатамыз. Енді ол болашақ мықтылар оқушылардан басталатыны сөзсіз. Оқушылар қазіргі таңда қандай? Олар нені қалайды? Осы жайлы сөз қозғайық.

Көңілді болсын, күші үлкен серінің!
Өзгеге емес, өзіңе болсын сенімің!
Жақсы сөзбенен жаныңа шуақ шаша біл,
Жарқырап тұрсын, жүректе гүлдей сезімің!

Мақаламды осы бір өлең шумақтарымен бастауды жөн көрдім. Жалпы, адам тұлға болып қалыптасуы үшін не нәрсе қажет? Міне-ки, бұл маңызы бар сұрақ. Себебі, егер адам елін сүймесе, оны қадірлеп, қастер тұтпаса, онда ол қанша жерден тұлға болуға тырысса да, ол бола алмайды және оның өзгелер алдында қадірі де болмайды. Қазақ елі кеңбайтақ жерімен белгілі. Бірақ сол жерге аталарымыз білектің күшімен жеткенін есімізден шығармаған жөн.

Ал бүгінгі таңдағы мәселе қайсы? Қазақ еліне, жеріне деген патриоттық сезімін қоя тұрғанда, тіпті өз тілінде сөйлей алмайтын дәрежеге жетті. Бұның бәрі заман талабы дейміз бе? Жоқ, бұның бәрі сананың осы жаққа бұрылуында. Қазақ тілінде білмеу ұят емес, қазақ жерінде тұрып, орыс тілінде білмеу ұят, міне, осындай жағдайға келдік. Әрине, бұның бәрі қарынды ашытртады. Бірақ, амал не, көш жүре түзеледі демекші, ең алдымен, қандастарымыздың барлығына, елін, жерін, Отанын сүюді үйрете білсек, олардан нағыз патриот шығары анық. Бұған біздің қосар үлесіміз, мектепте оқушыларды осы жолда, патриоттық сезімге тәрбиелеу, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Сөзімді қорыта келе, мына бір өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

«Кең дүние, төсіңді аш, мен келемін,
Алынбаған ақым бар сенде менің.
Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар – бусанып терлегенім».

**Алматы қаласы, Алатау ауданы,**
**164 ЖББМ физика пәні мұғалімі**
**Ырыскелді Марал Ырыскелдіқызы**

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛОГИСТИКА

Логистика жайлы сөз қозғалғанда, жалпы олар қазіргі таңда «Не жасауда? Нені дамытуда?» деген сұрақтар келіп жатады. Енді осыған кеңірек тоқталайық.

Тәуелсіздік алған жылдары елімізде отандық та, шетелдік те логистика болған жоқ. Кішігірім экспедиторлық мекемелер болды, бәлкім, алайда нағыз мәніндегі логистиканы, тіпті логистика деген атаудың өзін ешкім білмеді десек те болады. Кеңес Одағынан ыдырап шыққаннан кейін ел өндірісі мен өнеркәсібін дамыту үшін мемлекет құшағын шетелге айқара ашты. Ол – еліміз табиғи қазбаларға бай болғанымен, не өндіріс, не өнеркәсіп дамымай тұрған шақ болатын. Қақпамызды шетелге кеңінен ашқаннан кейін бізге шетелдік ірі компаниялар келді, мамандар келді, олар мол инвестиция құю арқылы Қазақстанда өз өкілдіктерін ашып, жұмыс жасай бастады. Солардың қатарында логистикалық компаниялар да бар болатын. Міне, біз халықаралық тасымалда тек шетелдік компанияларға сүйенетініміздің жайы осында еді. Өйткені біз үшін бұл мүлде тың, жаңа сала болатын. Екіншіден, олар Қазақстанда өзіндік мықты жүйесін құрып алған. Алайда шүкіршілік айту қажет, 2000 жылдардан бастап, біз өзіміз логистиканы зерттеп, меңгеріп, тәжірибе алмасып, қызығушылық таныта бастадық. Бүгінде отандық логистикалық компаниялар бар, олар сәтті жұмыс істеп жатыр. Әлбетте, сан жылдық тарихы, қуатты техникалық базасы бар ірі компания деңгейіне жете қойған жоқ, алайда соған тура бағытта келе жатыр.

Қоғамның барлық қабаттарындағы ауыр жалпыэкономикалық жағдай және әлеуметтік қиыншылық көптеген қазақстандық кәсіпкерлер, менеджерлер, инженерлі-техникалық жұмысшылар үшін таңсық логистикалық идеялардың отандық бизнесте өрлеуіне көмегін тигізбейді. Экономиканың стагфляциясы, монополизмің және мемлекеттік меншіктің маңызды салалардағы жоғары дәрежесі, қаржылық дағдарыс және төлемеушіліктері, өндіріс көлемдерінің және өмір сүру деңгейінің төмендеуі, созылмалы негативті экономика реструктуризациясы және инвестиция ашылуы – бұның барлығы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы логистиканы енгізу және дамытудағы толық теріс сипаттамасы емес.

Дәл осылай басталған бұл саланы дамыту қазіргі таңда жастардың қолында екені белгілі. Қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттеріне ұстаздардың бұл саланы дамытуда беріп жатқан білімі зор. Мақсат, сол білімді тәжірибеде қолданып, елге пайдалы болу.

**Канатаева Б., Шарапиева М.Д.**

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-дегі СТУДЕНТТІК ӨМІР

Студенттік өмір – әр адамның өміріндегі энергияға толы, өмірді тану мен білімді толықтырудың ұмытылмас кезеңі. Бұл жаңа ашылулар, танысулар, әсерлердің уақыты. Студенттік өмір тек қана оқумен шектеліп қалмауы керек, сонымен қоса өзіңді және қабілеттеріңді әртүрлі бағыттарда көрсете алуға тамаша мүмкіндіктерді жіберіп алмау керек. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бұл үшін барлық жағдайлар жасалынған. Мысалға, университетіміздегі жастар ұйымдар жөніндегі комитетті алуымызға болады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастары – университетке деген махаббатты көздерінен көруге болатын студенттер ғана емес, сонымен қоса биік шыңдарды бағындырғысы келетін әрбір адамға орын табылатын жеке әлем.

Студенттік өмірді құр босқа өткізбес үшін, жаңа орынға үйренісіп, жаңа адал достар тауып, мүмкіндігінше тезірек бейімделу қажет. Алайда бірінші курс студенттерінде жаңа оқу орнына, жаңа орын ерекшеліктеріне, жаңа танысуларға бейімделуде қиыншылықтар туындауы мүмкін. Мұның барлығы бірінші курстарда әлі де жауапкершіліктің қалыптаспағанынан, олардың оқушы өмірде қалыптасқан өзара көмек пен рухани қолдауларға үйреніп қалғандықтан болады. Сонымен қоса мұның барлығына мамандық таңдаудағы сенімсіздік, оған дейінгі жеткіліксіз психологиялық дайындық; психологиялық өзін реттеу тәртібі мен әрекетті жүзеге асыра алмау, оқытушылардың күнделікті бақылауының болмауы; жаңа жағдайда тиімді еңбек режимі мен демалысты іздеуде; үй жағдайынан жатақхана жағдайына көшкенде күнделікті тұрмыс тіршілігі мен өз-өзіне қызмет етуді жүзеге асыруда; өзіндік жұмыстарды орындаудағы икемділік, конспект жаза алмау, жаңа білім көздерімен, сөздікпен, анықтамалар мен сілтемелермен жұмыс істей алмау факторлары әсер етеді.

Студенттік орта заң бойынша жаңа және адал достар іздеудегі ең жақсы мекен болып табылады. Әрбір адам университетке ешкімді танымастан және көбінесе өзін жалғыз сезініп түседі, бірақ мектептегі бірінші сыныптан айырмашылығы университеттің бірінші курсына біз өзіндік тұрақты принциптері мен өзіндік ойы, қызығушылығы бар қалыптасқан тұлға ретінде түсеміз. Сондықтан келісіңіз, әрдайым нені іздейтініңізді білетін болсаңыз, іздеу сізге оңайға түседі. Сонымен қоса студенттер топтарында бір жас ерекшелігі басымырақ болады, оның үстіне мамандыққа сәйкес бір типтік оқу бағдарламасымен оқыған кезде қызығушылықтары сәйкес келетін адамдарды кездестіру қиынға соқпайды. Жаңа достарды табу барысына жатақханада әсер етуі мүмкін.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ барлық бірінші курс студенттерін жатақханамен толықтай қамтамасыз етеді. 81000 шары шақырым ҚазҰУ қалашығында қазіргі заманауи нормативті-техникалық талаптарға сәйкес, 5000-нан аса студенттер тұратын ыңғайлы 14 студенттер үйі (жатақхана) орналасқан. Кез келген студенттер үйінде Сізде факультет пен оқу мамандығына тәуелсіз үйдің жылуы мен жылы атмосфера күтеді.

Жатақханада тұратын студенттердің тәртібі мен мәселелерін шешу мақсатында арнайы студенттердің өз-өзін басқару органы – іс-шараларды ұйымдастыру мен студенттерді орналастыру процесімен айналысатын жатақхананың Жоғары Студенттік кеңесі қызмет етеді.

***Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ., философия және саясаттану факультеті,***
***әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы***
**Хайноллаева А.А., Мустафина А.С.**

# БІЛІМДІҢ КҮНІ ЖАРЫҚ

Мүмкіндік жайында әңгіме қозғалса, көбіміз қиындықты еске аларымыз анық. Бірақ, барлығы өзіміздің ойымыздан бастау алары анық емес пе?! Осы тұрғыда, барлық жерден дос таба біліп, жақсы дүниелер ойлаған абзал:

Өз қалауың, болса егер жан досың,
Түрлі сыйды күте білші, сен тосын.
Жақын адам көп болғаны қолдау ғой,
Әр адамда болса бір-бір Ай-Досың!

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз? Бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас. Себебі, алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылым ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингісінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасының 2 курс магистранты Ақат Ақтолқын Абайбекқызы, ф.-м.ғ.д., профессор Н.А.Буркова.**

# ТҰҒЫРЫ БИІК БІЛІМ ОРДАСЫ

86 жылдық өзіндік тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті білім мен ғылымның дамуын, қоғамдық өмір саласын жан жақты дамыта білген бұл білім ордасы бүгінде әлемге әйгілі оқу орындарының бірі. 86 жыл тарих сахнасына аз уақыт болып көрінер, алайда білім ордасы үшін сан алуан тарихи кезеңдерді бастан өткергені сөзсіз мәлім дүние. 1934 жылы қасиетті қара шаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің іргетасы қаланды. Алғашында С.М.Киров атындағы ҚазМУ болса, кейіннен 1991 жылы 23-қазанында Қазақ Мемлекеттік университетіне ұлы философ, энциклопедист ғалым әл-Фараби аты берілген уақытта университеттің мәртебесі айтарлықтай өзгерді.

ҚазҰУ-і еліміздегі шоқтығы биік, мәртебесі өзгеше, атағы жер жаратын білім ордасы. Бұл бір күндік жетістік емес. Тамыры тереңге жайылған бұл білім ордасының іргетасы қаланған күннен бастап бүгінгі күнге дейін қалыптасуы мен дамуы, көптеген білімді ұстаздарымыздың қажырлы еңбектері мен жалынды жастардың білім мен ғылымға деген құштарлықтарының арқасында бүгінде еліміздің алдыңғы қатарлы білім ошағына айналып отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Атауының өзінде бір сиқырлы күш бар секілді. Білім ошағының атауын айтқанда: «Міне, менің оқу орным!», «Міне, менің білім ошағым» деп мақтанып қалатынымыз ешкімге жасырын емесі анық. ҚазҰУ-де талантты да білімді жастар үшін өздерін танытуға зор мүмкіндіктер жыл сайын көбейіп, түрленуде. Жыл сайынғы байқаулар, өздерін көрсетуге мүмкіндік беретін ұйымдар, әртүрлі білім саласындағы жарыстар өткізілуде.

Қазақ Ұлттық университетін кей кездерде «ҚазҰУ қалашығы» деп айтып жатқандарын естіп қалатынымыз да бар еді. Шынымен де, атауы білдей бір әлемнің екінші ұстазының құрметіне қойылған бұл білім ордасы бүгінде кішкентай, өзінің мыңдаған тұрғындары бар, бірінен кейін бірі қатар тізілген факультеттер, студенттер жатақханасы, Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы орналасқан, арнайы жастар үшін салынған кішігірім саябағы бар қалашыққа айналып отыр.

Білім ордамыздың символына айналған, әлемнің екінші ұстазы атанған, шығыстың сөнбес жұлдызы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын айтпай кету мүмкін емес. Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, ұстаз, өз замандастарының алды бола білген философ, шығыс аристотелизмнің ірі өкілі. Атаулы ғұламаның өзінен кейін қалдырған өшпес нақыл сөздері мен тәрбиелік мәні бар еңбектері бүгінгі ұрпақтарға мол азық беретін халық мұрасы ретінде қала бермек.

Сыйластық пен шынайы махаббаттың мекеніне айналған, талантты да дарынды студенттердің басын біріктірген, адам баласының тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін, достық мен білімнің қатар жүруіне себепші болған, ғашықтардың мекеніне айналған ҚазҰУ-дің тұғыры мәңгі биік болсын деп тілейміз!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасының 2 курс магистранты Ермахан Асылзат Жанболатұлы, ф.-м.ғ.д., профессор М.А.Жусупов**

# БОЛАШАҚҚА БІР ҚАДАМ

«Бұрынғы заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», – деп атап өтті Елбасы.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір» дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан –2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...Біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Қашанда, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тындыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі, олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңқалдырар адам болады дейміз.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасының 2 курс магистранты Жолай Гүлнұр Қалжігітқызы, ф.-м.ғ.к., А.Мурзагалиева.**

# КЕЛЕШЕК БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер қаншама. Олардың жақсысы да,жағымсызы да жетерлік. «Сол мәселелерді бүгінгі таңда кім орын-орнына қоя алады»-деген сұрақ әрбір адамның ойында жүрері хақ. Әрине, бұл сұрақтың жауабы сол өзіміздің өскелең ұрпақ, жастарымыз емеспе. Бұл тұрғыда барлық жауапкершілікті солардың мойнына жүктеу, әрине, қате ұғым. Ел үшін, қоғам үшін әрбір тұлғаның рөлі өзінше бөлек. Бірақ басым көпшілік күшті сол біздің жастарымыз алмақ. Себебі, қазіргі ғылым мен білімнің дамыған заманында заман ағынымен өсіп келе жатқан, міне, осы жастарымыз емеспе. Сол үшін біз сол жастарымызға сенеміз.

Қазіргі XXI ғасыр білімділердің ғасыры. Оны еш күмәнсіз айта аламыз. Осы тұрғыда ҚазҰУ студенттері өздерінің талпынысымен адамды қуантуда. Әрине, өзге жастарымыздың да жасап жатқан дүниелері жоқ емес. Бірақ, көз алдымызда дамып, өсіп жатқан студенттеріміз өз бақылауымызда болғандықтан олардың орны бөлек болып тұрады екен. Жастардың білімін жетілдіру барысында университетіміз ерекше белсенділік танытуда. Жылдан-жылға түрлі бағдарламалар санын көбейтуде. Осака университеті, жалпы, қазіргі таңда әлемдегі білім беру жөнінен алдыңғы орында тұрған университеттердің бірі болып табылады. Келген оқытушылар бізге біраз мәліметтерімен бөлісті. Студенттердің міндеті, ол жақта тәжірибе алмасып, елге білімдерін одан әрі жетілдіріп оралу. Жалпы, қазіргі заманда бәсекеге қабілетті ел боламыз деген мақсат қойылса, соған сай бәсекеге қабілетті жастардың болуы міндетті деген оймен осындай біршама жобалар, бағдарламалар қара шаңырағымызда орын алуда.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасының 2 курс магистранты Әбділ Ерке Сержанқызы, ф.-м.ғ.к., Д.М.Зазулин**

# ДАМУШЫ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті кафедраларында түрлі бағытта ғылыми үйірмелер мен шығармашылық топтар жұмыс істейді. Ғылыми үйірмелер мен шығармашылық топтардың жетекшілері – ЖОО-ның тәжірибелі педагогтары. Бұндай үйірмелерге сол салада қызығушылық танытқан әр оқытушы, магистрант, студент мүше бола алады.

Сондай үйірмелердің бірі теориялық және ядролық физика кафедрасында ашылған «Астрофизика» үйірмесі. Ғылыми үйірменің негізгі мақсаты – астрофизика және ядролық астрофизика саласындағы заманауи проблемаларды, ғылыми мақалалар жазудағы қиыншылықтар мен басты назар аударатын мәселелерді қарастыру, сондай-ақ, студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Үйірмеге студенттермен қатар, жас зерттеушілер, PhD докторанттар да қатысып, өз зерттеу салаларына байланысты небір қызықты материалдармен, қазіргі ғылым саласындағы жаңалықтарымен бөліседі.

Әр студент үйірмеде өзін еркін ұстауды үйренеді. Себебі, мұнда келетін студенттердің көбісі ғылымға ден қойған, өздерін болашақта жас ғалым деп санайтындар. Студенттердің ғылыми-зерттеу үйірмелеріне қатысуы олардың зерттеу тақырыптарын дұрыс таңдауына, зерттеу дағдыларын дамытуға, ғылыми проблемаларды талдауға, ғылыми проблемаларды қоя білуіне және негізделген қорытынды жасауларына көмектеседі.

Университетімізде осындай үйірмелерге ерекше қызығушылықтың болуы студенттер тарапынан да қолдау тауып отыр. Жылданжылға үйірмелер мен үйірмелерге қатысатын студенттер саны көбейіп келе жатыр. Әрине, мұны студенттердің ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру жолында университеттің бірден-бір жетістігі деп білеміз.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасының 2 курс магистранты Сиргебаева Мөлдір Қазбайқызы, ф.-м.ғ.к., доцент Ф.Б.Белисарова**

# Секция по цитологии посвященная памяти и 90-летнему юбилею видного ученого, профессора АЗАТ ИЛЬЯСОВНЫ ШИБАНОВОЙ



5 августа 2023 г. ветерану Казахстанской онкологической службы, основателю дисциплины «Клиническая Цитология» в Республике Казахстан, Почетному президенту Ассоциации клинических цитологов РК, Почетному члену Международной Академии Цитологии, нашей глубокоуважаемой коллеге, другу и учителю, доктору медицинских наук, профессору Азат Ильясовне Шибановой, исполнилось бы 90 лет.

26-27 октября 2023 г. в г. Астане прошел IX съезд онкологов и радиологов РК. В рамках съезда были проведены цитологическая секция и мастер-класс, посвященные 90-летию выдающегося ученого А.И.Шибановой и ее вкладу в развитие цитологии Казахстана.

В качестве спикеров и лекторов в работе секции приняли участие ведущие специалисты из Японии, России и Казахстана.

Данная секция является значимым событием для сообщества цитологов РК и представляет собой платформу для обмена опытом и новыми исследованиями в области цитологии. Она также отражает значительный вклад профессора А.И.Шибановой в развитие клинической цитологии в Казахстане.

Программа секции включала важные достижения цитологии в мире, новые направления в диагностике, лечении и профилактике онкологических заболеваний и была направлена на обмен передовым опытом, совершенствованию уровня знаний в области цитологии.



Во время секции были заслушаны доклады и проведены дискуссионные панели, которые позволили участникам обсудить последние достижения и тенденции в цитологической диагностике. Благодаря участию в данной секции специалисты со всех регионов Казахстана смогут в дальнейшем применить опыт международных экспертов в клинической практике.

Организаторами сьезда являлись Министерство здравоохранения РК и Казахский НИИ онкологии и радиологии.



# АҒАРТУШЫ АҚЫЛБЕКОВ СӘБИТ МЫРЗА ДҮНИЕДЕН ӨТТІ

*«Ажал мыңға қонары хақ, не етеміз,*
*Қаза алдында қауқарсызбыз, кетеміз!*
*Тау тұлғасын көтере алмай қара жер,*
*Сәбит атты кетті аяулы көкеміз»...*

Қадірменді достар! Қазақ білім-ғылымы үлкен қайғыға ұшырады. Ағартушылыққа ұзақ жылдар бойы телегей еңбегін сіңірген Қаныш Сәтбаев атындағы қазақ политехникалық университетінің аға оқытушысы **Ақылбеков Сәбит** мырза келместің кемесіне аттанды. Ақылбеков Сәбит тірісінде тірі жанға жаманшылық істемеген, адамгершілік пен ар-ұятты, намысты биік қойған, тұтас білімгерлер буынын тәрбиелеген азамат еді. Болмысы – бекзат, сөзі – нық, парасат-пайымы жоғары кісі болатын. Ендігі жерде, сол жарқын бейнесімен мәңгі жадымызда сақталады. Соған орай Халықаралық «Түркі әлемі» газетіміздің белсенді мүшесі Ахметова Хафиза Мұратқызы және газетіміздің ұжымы Ақылбеков Сәбиттің артында қалған отбасына, бала-шағасы мен немерелеріне қайғыра көңіл айтады. Артына өшпестің шамын жағып қалдырған марқұмның топырағы торқа, жаны жаннаттық, иманы саламат болсын!

**Халықаралық «Түркі әлемі» газеті**

# ЛОГИСТИКА және ОНЫҢ ДАМУЫ

Логистика және оның қазіргі таңдағы дамуы. Біз білім алып жатқан сала қара шаңырақ ҚазҰУ-да логистика бойынша болғандықтан, қазіргі таңдағы елдегі жаңалықтарды білу бізге, әрине, міндет.

Қазақстандағы логистиканың дамуындағы басым бағыт оны транспорттық кешенде қолдану болады. Халықаралық жүк тасымалына қатысатын отандық транспорттық және экспедициялық кәсіпорындар тасымалдау және жүк: жүк тасымалдаудың интер, мультимодальдық және терминалдық жүйелері, «Нақты уақытында» және «Есіктен-есікке дейін» тасымал технологиялары, жүк тасымалдау, алып барудың заманауи телекоммуникациялық жүйелері өңдеудің заманауи логистикалық технологияларын енгізу керектігін түсінді. Ірі қазақстандық мемлекеттік немесе жеке транспорттық және экспедиторлық кәсіпорындар өздерінің терминалды желілерін, жүк таратушы және логистикалық орталықтарын, ақпараттық-компьютерлік логистикалық сервисті қолдау жүйесін шығара бастады.

Тауарды жер шарының кез келген нүктесіне жеткізуді басқарудың заманауи логистикалық концепциясын тұтынушы сервисінің орнынан қарағанда, былайша қарастыруға болады: «Керекті тауар белгілі сапасымен және санымен белгіленген уақытта және минималды шығындармен, керек жерге жеткізіледі». Соның ішінде шығындар тауарды өндірудің өз бағасы ретінде және де әлемдік өткізу жүйелерінде тауар шығарушы және сауда делдалдарының физикалық таратылуымен логистикалық операциялар шығындарына байланысты. Логистикалық шығындар құрылымында транспорттық шығыны 20%-дан 70%-ға дейін құрайды, сондықтан транспорт глобалды логистикалық жүйенің құрылуында орасан зор рөл атқарады.

Қазақстан үшін оның үлкен территориясымен қайта шығарудың жергілікті ерекшеліктері, соның ішінде жергілікті транспорттық факторлар: транспорттық коммуникациялар, сол аудандағы транспорттық және транспорттық-экспедициялық кәсіпорындар, транспорттық түйіндер, терминалдар және т.б. маңызды орын алады. Әрбір ауданның экономикасының қолдану саласында қандай да бір логистикалық функцияларды атқаратын кәсіпорындардың үлкен тобы жұмыс жасайды: транспорттық фирмалар, көтерме сауда делдалдары, банктер, транспорттық-қоймалық кешендер, жүктік терминалдар және т.б.

Бұл сала белгілі жағдайда дамыған және ұзақ уақыт бойы шоғырланған өсу стратегиясымен жүру керек, ұлттық диверсификацияда және жаңа нарықтық іздеуге негізделеді. Олар біздің транспорттық және коммуникациялық қызметімізді пайдаланады. Бұл стратегия автомобиль құрылысы, туризм, сервис жүйесі, жол және капиталдық құрылыс және отандық өнімнің өз бағасының төмендеуіне әсер ететін болады».

Қазіргі таңда Қазақстандағы логистиканың дамуы нарық заңдары мен қағидаларынан туындағандай логистиканы игеру және оны кәсіпорындағы басқару жүйесімен бірігуі нарықтық экономиканың даму деңгейін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының негізгі даму бағыттары – бұл «сатып алу-тасымалдау-қоймалау-өткізу» логистикалық жүйенің негізгі элементінің үйлесімін икемді және тиімді түрде жұмыс істеуін қамтамасыз ету механизмін құрастыру болып табылады.

**Канатаева Б., Абдикул Ш.Н., Баймуханбетова Э.Е.**

Түркі әлемі

Меншік иесі:
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ ҚОРЫ Президенті және «Түркі Әлемі» газетінің Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН

Түркі халықтары мәдени қоры Әйелдер комитетінің төрайымы –
Дариға ТҰРЛЫБЕК

Түркі халықтары мәдени қоры Зиялылар комитетінің төрайымы –
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ

Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862

*ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, 29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.*

«Europrint» баспаханасында басылды.
Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы – 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:
Индекс 050012, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 145/26, Ғабдуллин көшесінің қилысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

Ақылдастар алқасы:
Дариға ЖҮНІСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА
Гаухар АСҚАРОВА
Мұсат ИМАНҚҰЛ

Редактор:
Арман ӘУБӘКІР
Техникалық редактор:
Фарида ТҰҒАНБАЙ
Корректор:
Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ
Жарнама бөлімі редакторы:
Alvina MUSTAFAYEVA

Газетіміздің өзге мемлекеттердегі өкілдері:

**Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ** *Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479, 90555214 0244 ұялы тел.*
**Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі** Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail. dede@otenet.gr
**Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы, Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қочман университетінің доценті –** *Байланыс телефондары: Анкара – +905412634844, e-mail&: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com* **Стамбұл (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі.** *Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail. ahmettuzun2000@yahoo.com* **Румыниядағы өкілі Гюльщен ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі** *Байланыс телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.*


PEGAS
TOURISTIK
НОВАЯ ВЫСОТА ВАШЕГО ОТДЫХА
pegas_asia
kz.pegast.asia
+7 700 022 2233
+7 727 222 1818


LINK
25.yıl
Біз туралы / О нас
Медициналық OEM құрылғыларында оқыған және мамандандырылған инженерлер тобы құрған Link Medical Systems – Еуропадағы алғашқы тәуелсіз сервистік компаниялардың бірі.
Әлемдік нарықтағы 25 жылдық жұмыс тәжірибесі
Link Medical Systems, основанна группой инженеров, которые прошли обучение и специализируются на OEM-производителях медицинского оборудования, является одной из первых независимых сервисных компаний в Европе.
25 Лет опыта на мировом рынке
Кез-келген күрделілікке техникалық қызмет көрсету, орнату және жөндеу
Техническое обслуживание, установка и ремонт любой сложности
қосалқы бөлшектер мен қолданылған құрылғыларды сату
Продажа запасных частей и б/у аппаратов
МРТ және КТ орнату, Радиожиілік кабиналары, ramp-up, shimming
Инсталляция МРТ и КТ, RF shielding, ramp-up, shimming
Меншікті зерттеулер мен әзірлемелер
Собственные научно-исследовательские разработки
МРТ магниттерін салқындату, 100-ден астам магнитті біз сәтті салқындаттық
Охлаждение магнитов МРТ, более 100 магнитов успешно охлаждены нами
Байланыс/Контакты
E-mail info.kz@linkforge.com
Тел 8 727 313 10 35
Web: www.linkforge.com